



# TENGEMONITOR

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ

Газет 2006 жылдың 15 желтоқсанынан шыға бастады

//22 ҚАЗАН 2020 ЖЫЛ

↳ ЖАҢА ЖАҒДАЙДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН

## ОРТАҚ МИССИЯМЫЗ – ОТАНЫМЫЗДЫ ӨРКЕНДЕТУ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ҚР Парламенті Мәжілісі және мәслихат депутаттары сайлауын тағайындау туралы үндеуі

ҚҰРМЕТТІ ОТАНДАСТАР!

Бүгін мен Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауын тағайындау туралы Жарлыққа қол қойдым. Орталық сайлау комиссиясының қаулысымен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының сайлауы тағайындалды.

Алдағы сайлау конституциялық мерзімге сәйкес, 2021 жылдың 10 қаңтарында өтеді. Барлық саяси партиялардың бұл сайлау науқанына қатысуға дайындалуына, сайлау алдындағы платформасын әзірлеуіне, партиялық инфрақұрылымдары жетілдіруіне уақыты жеткілікті болды.

Орталық сайлау комиссиясы мен Бас прокуратура сайлаудың заңдылығын, ашықтығын және әділдігін сақтау үшін тұрақты бақылау жүргізіп отырады.

Жаңа сайлау науқанына дейін саяси жанғыру, көппартиялықты дамыту және еліміздің қоғамдық-саяси өміріне азаматтардың қатысуы аясын кеңейту жөнінде шаралар қабылданды.

**Бірінші.** «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» конституциялық заңға және «Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы» заңға түзетулер енгізу арқылы парламенттік оппозиция институтын қуру мәселесін қарастыратын және оның қызметін регламенттейтін өзгерістер мен толықтырулар жасалды.

Енді Парламент Мәжілісі тұрақты комитеттерінің бір төрағасы мен екі хатшысы парламенттік оппозиция депутаттары арасынан сайланды.

Сонымен қатар, парламенттік оппозиция бір сессия кезінде кемінде бір рет парламенттік тыңдау өткізу жөнінде бастама



көтеру құқығын иеленеді. Сондай-ақ бір сессия кезінде кемінде екі рет үкімет сағатының күн тәртібін айқындайтын болады.

Бұдан бөлек, саяси партиялар фракцияларының жетекшілеріне Парламент палаталарының бірлескен отырыстарында, Парламент Мәжілісінің пленарлық отырыстарында, тұрақты комитеттердің, жұмыс топтарының отырыстарында, парламенттік тыңдауларда және басқа іс-шараларда сөз сөйлеуге кепілді құқық берілді.

**Екінші.** «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» конституциялық заңда және «Саяси партиялар туралы» заңда қарастырылған ережелер бойынша парламенттік төжірібімізде алғаш рет партиялық тізімге өйелдер мен жастар үшін 30 пайыздық квота енгізілді. Бұл норма Парламентке және жергілікті өкілді органдарға өйелдер мен жастар тартуын тиімді жолы ретінде олардың еліміздегі қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысуына септігін тигізеді.

**Үшінші.** Алдағы мәслихаттар сайлауы алғаш рет партиялық тізім бой-

ынша өтеді. Пропорционалды модель әлемдік демократиялық төжірібеге толық сай келеді, саяси жүйені нығайтуға, демократияны дамытуға ықпал етеді, саяси партиялардың жұмысын жандандырады.

Бұл жаңа бастамалар партияларға еліміздің саяси жүйесіндегі ұстанымын нығайту үшін қосымша мүмкіндіктер береді.

\*\*\*

Коронавирус пандемиясы салдарынан туындаған күрделі экономикалық дағдарыс көптеген елді қамтыды, сондай-ақ, бүкіл әлемдік экономикаға кері әсер етті.

Қазіргі күрделі кезеңде Қазақстанның алдында дағдарысқа қарсы тиімді шаралар қабылдау, орнықты экономикалық дамуды және азаматтарымыздың әлеуметтік игілігін қамтамасыз ету, халықтың әл-ауқатын арттыру міндеті тұр.

Осы басымдықтар жөнінде менің Қазақстан халқына арнаған Жолдауында айтылды.

Парламенттің және жергілікті өкілді органдардың жанартылған құрамы еліміздегі әлеуметтік-эконо-

микалық реформаларды сапалы әрі заманамалық тұрғыдан қамтамасыз етуге баса мән береді.

Алдағы сайлау еліміздің саяси жүйесін жаңартуды қамтамасыз ететін саяси институттарды дөйекті түрде демократияландыруға және жаңғыртуға Қазақстанның аса ықпалды екенін тағы да бір дәлелдейтін болады.

Біздің ортақ миссиямыз – Қазақстанды өркендету, азаматтарымыздың игілігі үшін қызмет ету. Қазақстан халқы аса маңызды тарихи сын-дарды сөттерде бір женнен қол, бір жағадан бас шығара білді. Халқымыз осы жолы да елімізді жан-жақты жаңғырту бағытындағы жаңа тарихи миссиясын лайықты атқарады деп сенемін. Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында еліміз кемелдене түсіп, дамудың жаңа кезеңіне шығатынымыз анық.

Мемлекетіміздің барлық азаматтарын белсенді азаматтық ұстаныммен танытуға, Парламент Мәжілісінің және мәслихаттардың алдағы сайлауына ұйымшылдықпен қатысуға шақырамын.

### ▶ ҚАЗАҚСТАН ҚОР НАРЫҒЫ

АКЦИЯЛАР	Risers	Last	%Δ1D	%Δ1M
KZTK 21.10.20 11:35	25 999,99	+0,77	+0,78	
KCEL 21.10.20 11:42	2 707,00	+0,63	+5,33	
GB KZMS 21.10.20 11:42	3 074,54	+0,15	+4,86	
KZAP 21.10.20 11:39	6 011,00	+0,02	-4,59	
KASE Индексі 21.10.20 11:39	2 449,35	+0,01	-0,56	

АКЦИЯ НАРЫҒЫ	Symbol	Last	%Δ1D	%Δ1M
MM Index 20.10.20 00:00	MM Index	9,47	+0,61	+0,13
TONIA 20.10.20 16:57	TONIA	9,46	+0,60	+0,13
SWAP-1D (USD) 20.10.20 17:05	SWAP-1D (USD)	10,50	-1,00	+1,00
TWINA 20.10.20 13:59	TWINA	8,50	-0,19	-0,50
SWAP-2D (USD) 20.10.20 17:05	SWAP-2D (USD)	9,50	+0,50	+0,20

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР	Deals	Yield	DTM
MFQkb1 21.10.20	MFQkb1	20,31	-
TEBNe1 20.10.20	TEBNe1	0,00	-
BTASe16 20.10.20	BTASe16	0,00	-
FFINb3 20.10.20	FFINb3	0,00	-
ATFBe7 20.10.20	ATFBe7	0,00	-
ALTMb1 20.10.20	ALTMb1	0,00	-

МЕМЛЕКЕТТІК БАФАЛЫ ҚАҒАЗДАР	Deals	Yield	DTM
MKM012_0148 21.10.20	MKM012_0148	9,30	
NTK028_2675 14.10.20	NTK028_2675	8,82	
MUM156_0006 12.10.20	MUM156_0006	10,00	
MUM108_0013 12.10.20	MUM108_0013	10,00	
MUM120_0018 12.10.20	MUM120_0018	10,00	
MUM132_0006 12.10.20	MUM132_0006	10,00	

### ▶ ӘЛЕМДІК ҚОР НАРЫҒЫ

Индекстер	Көрсеткіш	Өзгеріс
KASE	2 449,35	0,01%
FTSE 100	5 889,22	0,08%
CAC 40	4 929,28	0,00%
S&P 500	3 443,12	0,47%
Dow Jones	28 308,79	0,40%
Nikkei 225	23 567,04	-0,44%
DAX	12 736,95	-0,92%
SSE Comp	3 328,10	0,47%

Тауарлар	Баға	Өзгеріс
Мұнай	43,16	1,27%
Алтын	1 905,60	0,03%
Платина	868,00	-0,23%
Палладий	2 342,00	0,47%
Никель	14 423,00	-0,61%
Алюминий	1 770,50	-0,53%
Күміс	24,84	1,97%

Валюта нарықтары	Көрсеткіш	Өзгеріс
USDKZT	428,68	0,19%
EURKZT	506,01	0,61%
USD RUB	77,3423	-0,00%
USD JPN	28,3275	0,10%
USD BWN	2,5494	-0,12%
EUR USD	1,1845	0,21%
GBP USD	1,2976	0,24%

### ↳ COVID-19: ОТАНДЫҚ ӨНДІРІС

## Аппаратпен қамту қай деңгейде?



Болжанып отырған пандемияның екінші толқыны алдында еліміздің медициналық мекемелері ӨЖЖ аппараттарымен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілді. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп «Тыныс» АҚ-да шығарылған желдету станцияларына арналған шағын ӨЖЖ аппараттарымен қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік тапсырысты орындады.

### БОТАГӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Елдегі медициналық мекемелерге Денсаулық сақтау министрлігі берген тапсырыстың соңғы партиясы – 1500 өкпені жасанды желдету аппараты жіберілді. 102 аппарат Қостанай және Ақмола облыстары

ауруханаларына қойылды. Өзге өңірлердің өтінімдері толықтай орындалды, ӨЖЖ аппараттары орнатылды, мамандар оқытылып, қондырғылар сервистік қызмет көрсетуге берілді. Өкпені жасанды желдететін

«BIOVENT» стационарлық аппараттары отандық «Қазақстан ASELSAN инженеринг» ЖШС қорғаныс-өнеркәсіптік кешенінде жасалды. Орнықты өндірісті жолға қоюдың нәтижесінде ӨЖЖ аппараттарына деген өз еліміздегі қажеттілікті толық өтеп қана қоймай, көрші елдерге жеткізуге мүмкіндік туып отыр.

«Өз күшімізбен ӨЖЖ аппараттарын өндіру мәселесі кезінде, COVID-19 ауруының алғашқы толқыны кезінде туындады. Ол кезде ӨЖЖ аппараттарын жеткілікті көлемде ақшаға сатып алу мүмкін болмай қалды. Әр ел өздерінің қажеттіліктерін өтеп, баса аспандат қетті. Бір аппарат үшін 20 млн теңгеге дейін сұралды», – дейді ИИДМ қорғаныс өнеркәсібінің дамуы жөніндегі департамент директоры Сергей Черненко қазақстандық ӨЖЖ аппараттарын жасау тарихын баяндай келе.

### ↳ ИНДУСТРИЯ 4.0



## КТЗ: Өткені өрісті, келешегі келісті кәсіпорын

Кентау трансформатор зауыты – электр энергетикасы, металлургия, машина жасау, көлік, мұнай-газ кешені және тұрғын үй-коммуналдық секторын қоса алғанда, экономиканың барлық салалары үшін кең қолданысқа арналған трансформаторлық жабдықтардың жетекші отандық өндірушісі. Кәсіпорынның ел экономикасына дамытудағы елеулі рөлі осыдан-ақ байқалса керек.

### БОТАГӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Негізгі стратегия – сапалы, бағасы, жеткізу шарты және жеткізілетін сервис бойынша тұтынушылардың талаптарына жауап беретін үздік электртехникалық өнім нарығына шығу. Отандық электр машина жасау, трансформаторлық құрылыс өндіру саласының бірегей қосбасышысы өз өнімдерін халықаралық сапа мен қауіпсіздік стандарттарына сай етуде.



# БИЗНЕС&ЖАҢАЛЫҚ

## АПТА ТЫНЫСЫ

### ► Ақорда

### Табиғат – тіршіліктің өзегі



Мемлекет басшысы Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиевті қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің биылғы 9 айда атқарған жұмыстарының негізгі бағыттары жөнінде есеп берілді. Мағзұм Мырзағалиев Президентке қаралып жатқаны туралы егжей-тегжейлі баяндалды. Мемлекет басшысы аталған құжатқа он баға беріп, еліміздегі экологиялық жағдайды жақсартуға бағытталған жаныялықтарды атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаевтың

пікірінше, аталған Кодекс қоғамды табиғатты аялауға шақыруға және ауаны ластайтын зиянды заттардың көлемін азайтуға үндеуімен айрықша маңызды. Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Президентке биылғы вегетациялық кезеңнің өтуі және су ресурстарының жағдайы туралы мәлімет берді. Оның айтуынша, биыл су деңгейінің төмен болуына және су тапшылығы қаупіне қарамастан вегетациялық кезең салыстырмалы түрде тұрақты өтті. Сонымен қатар Мемлекет басшысына су саласын цифрландыру туралы баян-

далды. Мағзұм Мырзағалиев Түркістан облысы Мақтаарал ауданында су арнасын цифрландырудың пилоттық жобасының аяқталғаны туралы айтты. Бұл су шығынын айтарлықтай азайтуға мүмкіндік берді. Осы ретте, Президент суды тиімді пайдалану қажеттігіне назар аударды. Бұдан бөлек Қасым-Жомарт Тоқаев балық шаруашылығының жағдайы және осы бағытты дамытудың салалық бағдарламасының әзірленуі барысы туралы ақпарат берді. Кезлесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Мағзұм Мырзағалиевке бірқатар нақты тапсырма берді.

### ► Мәжіліс: Бюджет

### Азаматтарды қолдау жағдайы ескерілді

Мәжіліс төрағасы Нұрлан Нығматулин 2021-2023 жылдарға арналған республикалық бюджеттің жобасын мақұлдау барысында бюджетте ең алдымен, пандемия кезінде азаматтарды қолдау жағдайы ескерілгенін атап өтті.



Еліміздің бас қаржы құжаты бойынша депутаттар алдында ұлттық экономика министрі Руслан Дәленов, қаржы министрі Ерулан Жамаубаев және Ұлттық банк төрағасы Ерболат Досаев баяндама жасады. Заң жобаларын талқылау барысында депутаттар жауапты мемлекеттік органдардың басшыларына бірқатар сұрақтар қойып, өз пікірлерімен бөлісті. Осы ретте, Мәжіліс төрағасы Нұрлан Нығматулин пандемия кезінде шағын және орта бизнесті қолдау қазіргі ең маңызды және ең қажетті сұрақтардың бірі екенін айтты. Осы жолда Елбасының да, Мемлекет басшысының да тап-

сырмасы бар. Тиісті қаражат бюджетте қаралып отыр. Енді, ең бастысы, осы барлық қаражат көптемілі болуы керек.

Бюджеттік заң жобасын талқылау барысында мемлекеттің тұрақты дамуына экономикалық және әлеуметтік ахуалға қатысты сұрақтар жан-жақты қаралды. Нәтижесінде 2021-2023 жылдарға арналған республикалық бюджетті

мақұлдау жөніндегі қаулы қабылданды.

«Бүгінгі мақұлданған бюджет жобасының орны да ерекше, маңызды да өте зор. Бүкіл әлемге тараған коронавирус індеті біздің елімізде де орын алып отыр. Сонымен бірге, жылдағы дәстүр бойынша экономиканы дамыту, әлеуметтік міндеттер, денсаулық, білім, еңбек салаларына ерекше назар аударылды», – деді Нұрлан Нығматулин.

### ► Ақпараттық орта

### Ынтымақтастық бағыттары айқындалды



Алматы қаласында ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева Қазақстандық медиа альянстың басқарма төрағасы Арманжан Байтасовпен кездесті.

Кездесу барысында Аида Балаева мен Арманжан Байтасов Ақпарат және қоғамдық

даму министрлігі мен Қазақстандық медиа альянсы арасындағы Өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

А.Балаева пандемия кезінде коммерциялық БАҚ-ты қолдау үшін министрлік қабылдаған шаралар, ақпарат саласындағы заңнаманы жетілдіру, отандық

БАҚ-тың бәсекеге қабілеттілігін және адами капиталдың сапасын арттыру бойынша жоспарлар туралы айтты.

Екі жақ саланың өзекті мәселелері, оның ішінде отандық бұқаралық ақпарат құралдарын дамыту, журналистердің дайындық деңгейін арттыру, сондай-ақ олардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға қамтамасыз ету қажеттілігі туралы пікір алмасты.

Меморандум шеңберінде тараптар ынтымақтастығының негізгі бағыттары айқындалды, бұлар: ақпарат саласындағы заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстарды бірлесіп талқылау; медиа саласы мамандарын даярлау, қайта даярлау, сондай-ақ олардың біліктілігін арттыру мәселелері; журналистердің құқықтары мен бостандықтарын қорғауға жәрдемдесу.

«Қазақ газеттері» ЖШС-сы және серіктестікке қарасты басшыларының ұжымдары «Тенге монитор» газеті бас редакторының орынбасары – жауапты хатшы Рымтай Сағынбекова әлкесі

#### Кезек КӨКЕНАЙҚЫЗЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

### ► ҮКІМЕТ: КЕАЕЛІ МІНДЕТТЕР КӨШІНДЕ

Сейсенбідегі отырыс талқылауына ветеринарлық және фитосанитариялық (карантиндік) қауіпсіздік мәселелері, сонымен қатар халықты дәрі-дәрмек құралдарымен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету барысы шығарылды. Үкімет басшысы Асқар Мамин олардың орындалуы жіті қалағаланы тиістігін ескертті.

#### БОТАҒӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Ветеринарлық және фитосанитарлық қауіпсіздік мәселелері жөнінде ауыл шаруашылығы министрі С.Омаров, бірқатар аймақ басшылары баяндалды.

«АӨК-тің бәсекеге қабілеттілігі ветеринарлық және фитосанитарлық қауіпсіздік жағдайына байланысты», – деді А.Мамин.

Премьер-министр ветеринарлық және фитосанитарлық қызметті одан әрі нығайту жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу, ветеринария және фитосанитария саласында тексерулер, бақылау және мониторингін, сондай-ақ карантиндік іс-шаралар жүргізу жөніндегі жұмысты күшейту қажеттігін атап өтті. Үкімет басшысы қазір құс тұмауына қатысты жағдайға тұрақталғанын, алайда жағдайға мониторинг жүргізуді жалғастырып, қажет болған кезде алдын алу шараларын жетілдіру керектігін айтты. Сонымен қатар, жергілікті атқарушы органдардың карантин мен шектеу шараларын белгілеу және алып тастау жөніндегі шешімдерін әділет органдарында тіркеу рәсімдерін жеңілдету керек. Ауыл шаруашылығы министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, тиімді бақылауды ұйымдастыру үшін ветеринарлық және фитосанитариялық қалағалудың ұлттық жүйелерін құру тапсырылды. «Тиісті ақпараттық базаны жетілдіру және процестерді автоматтандыру арқылы ауыл шаруашылық қамтамасыз ету қажет», – деді А.Мамин. Бұдан бөлек, сала үшін кадрлар даярлауды жетілдіру және кейін ауылда жұмыс істеу шартымен ветеринарлық және фитосанитарлық қызмет мамандықтары бойынша оқытуға бөлінетін гранттарды ұлғайту қажеттігі айтылды.

Отырыста халықты дәрі-дәрмекпен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету жайында денсаулық сақтау министрі А.Пой, индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Б.Атамқұлов, «СК-Фармация» басқарма төрағасы Е.Ескалиев, Түркістан облысының әкімі Ө.Шөкеев, Алматы облысының әкімі А.Баталов, Шымкент қаласы-

### Дәрі тапшылығы болмауы тиіс



ның әкімі М.Әйтемов баяндама жасады.

«Мемлекет басшысы пандемия кезінде негізгі дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдардың азаймайтын қорын қалыптастыруды тапсырды. Үкімет коронавирусы инфекциясының жаңа толқынына дайындық, медициналық бұйымдар мен халықты дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету бойынша барлық қажетті шараларды қабылдап жатыр», – деді А.Мамин.

Биыл міндетті медициналық сактандыруды енгізу аясында тегін дәрілік заттардың тізбесі 45-тен 137 нозологияға дейін 3 есеге кеңейтілді. 2020 жылғы тамыз айынан бастап азаматтарға үйде коронавирустан емделу үшін дәрілердің 5 түрі (қызыл түсіретін, антикоагулянттар) тегін беріледі (каму жоспары – 1 млн адам). Стационарлар мен жеке қорғаныш құралдарына арналған 91 түрлі дәрі-дәрмектен екі айлық республикалық және өңірлік қор қалыптастырылды. Дәріханаларда тапшылықты болдырмау мақсатында «СК-Фармация» бөлек сауда желісін толықтыру үшін қолда бар қорға қосымша 33 сұранысқа аса ие препараттарды сатып алады. Осы жылдың 9 айының қорытындысы бойынша фармацевтика өнеркәсібіндегі өндіріс көлемі 39,8%-ға – 93,4 млрд теңгеге дейін өсті. Отандық тауар өндірушілер дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың 5042 атауына 88 ұзақ мерзімді шарт жасасты. Қазақстанда тәулік сайын 900 мың маска және 330 мың жұп қолғап, айына 504 мың қорғаныш костюм шығарылады. Қазақстанның 17 өңіріндегі 297 ауруханаға 1500 бірлік (100%) ӨЖЖ аппараттары өндіріліп, барлығы жеткізілді.

376 жедел жәрдем машинасы, 63 жылжымалы медициналық кешен шығарылды. Барлық өңірлерде көлемі 13 млрд теңгеден асатын дәрілерді қамтамасыз ету үшін тұрақтандыру қорлары құрылды. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Ведомствоаралық комиссияның шешімімен жергілікті бюджет есебінен сұранысқа ие дәрі-дәрмектерді сатып алу үшін тұрақтандыру қорларын қалыптастыру өстемесі бекітілді.

Премьер-министр әкімдіктерге осы жылдың 1 қарашасына дейін тұрақтандыру қорларының көлемін бекітілген нормативке дейін жеткізуді, медициналық бұйымдарда да, дәріханаларда да дәрі-дәрмектердің қажеттілігін үнемі қалағалуды отыруды тапсырды. Бұл ретте тұрақтандыру қорлары есебінен дәрі-дәрмектерді сатып алуын нақты алгоритміне болуы қажет екенін атап өтті. «Денсаулық сақтау министрлігіне СК-Фармациямен бірлесіп, стационарларда, әсіресе, жұқпалы аурулар ауруханаларында дәрі-дәрмектердің болуына мониторинг жүргізуді тапсырамын. Дәрі-дәрмек тапшылығы орын алмайты» – деді А.Мамин. Индустрия министрлігіне медициналық мақсатта шығаруды (тәулігіне 1,5 млн данаға дейін) арттыруды қамтамасыз ету тапсырылды. Денсаулық сақтау министрлігіне келесі жылға дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдарды уақытылы сатып алып, жеткізуді қамтамасыз ету тапсырылды. Премьер-министр Мемлекет басшысының СК-Фармацияның дәрі-дәрмекті сатып алуын тиімділігі мен жеделдігін арттыру туралы тапсырмасын нақты орындау қажеттігін атап өтті.

### ► ТУҒАН ЖЕР



### ШАЛҚАР-ИМАНТАУ АЙМАҒЫ ►

Солтүстік Қазақстан облысындағы бұл өлке отандық туризмдегі іші қазынаға толы құлпытұялы сандық сияқты. Шалқар-Имантау аймағының көргеннің көзі тоймайтын қайталанбас сипаттағы табиғаты әлі де көпшілікке ғыр-сырын аша қоймаған. Бұл аймақ елімізде көкөдерінің саны бойынша – бірінші орынды, орманды алақтар аймағы бойынша – екінші орынды, соқпақ-жолдардың жалпы ұзындығы бойынша – үшінші орынды иеленеді. Бұл аймақтағы ойлы-қырлы жазықтар, иірімді тау қапталдары, айдыны айнадай көлдер мен қайың-қарағаймен көмкерілген ормандар Солтүстік Қазақстан туризмін дамытудағы керемет мүмкіндіктерге жол ашады.



БИЗНЕС&ҚОҒАМ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

# Қауіпті аурулар бойынша жағдай тұрақты

Үкімет отырысында ауыл шаруашылығы министрі Қазақстандағы ветеринарлық және фитосанитарлық қауіпсіздік туралы айтты, деп хабарлайды ведомствоның Баспасөз қызметінен.

ИСА ҚАМБАР

Министр Сапархан Омаров 2020 жылы Қазақстанда тұрақты карантиндік фитосанитариялық ахуал сақталып отырғанын атап өтті. Егістік алқаптарына шегірткенің зиян келтіруіне жол берілмеді, республика бойынша тікенекті алқа карантиндік арамшөптің таралу ошағы жойылды, америкалық ақ көбелектің, калифорниялық қалқаншалы сымырдың, жатаған у кекіренің таралу алаңы төмендеді. Осының арқасында отандық өсімдік шаруашылығы өнімінің экспорты шектелмеді.

Ауыл шаруашылығы министрінің айтуынша, елімізде эпизоотиялық жағдай да тұрақты. Жануарлардың аса қауіпті ауруларының 45 түрі бойынша Қазақстан қолайлы мәртебеге ие. Осының арқасында 3 мыңға жуық қазақстандық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері әлемнің 72 еліне мал шаруашылығы өнімінің 551 түрін кедергісіз экспорттай алады. Республика аумағында таралу қауіпі жоғары жануарлардың аса қауіпті ауруларының басқа 23 түрі бойынша диагностика және вакцинация бағытында арнайы ветеринарлық-профилактикалық іс-шаралар жүргізіледі.

Ветеринарлық бақылау және қадағалау комитеті қызметтері осы жылдың 9 айында жануарлар мен құстарды вакцинациялау бойынша 122,2 млн манипуляция жүргізді. Сонымен қатар, құтұру ауруының ошақтары көбейгені байқалады. 2005 жылдан бері республика аумағында болмаған құс тұмауы тіркелді.



«7 облыста құс өлімі тіркеліп, оның ішінде жоғары патогенді құс тұмауына шалдыққан деген күдік немесе расталған жағдайлар да бар. Жеке аулдарда 26,5 мың бас, 3 құс фабрикасында 847,4 мың құс қырылды. Осылайша, жоғары патогенді құс тұмауынан 873,9 мың бас қанаттылар өлген. Бұл республикадағы құстардың жалпы санының 1,9%-ын құрайды», — деп хабарлады министр.

Оның айтуынша, инфекцияның әрбір ошағында карантин жариялана, құстар мен құс шаруашылығы өнімдерін алып келуге және алып кетуге тыйым салыны. Бұдан басқа, инфекция ошағын оқшаулау және жою бойынша шаралар жүргізіліп, республикалық қордан жабайы құстардың ұшып өту жолында мәжбүрлі түрде вакцинациялау үшін құс тұмауына қарсы вакцинасының қосымша 4,4 млн дозасы бөлінді.

«Бүгінде барлық жеті облыстың жеке аулдарында құс өлімі

тоқтатылды, үш құс фабрикасында өлген құстардың саны азаюда, ауру құстары жою және олардың иелеріне отемақы төлеу бойынша жұмыстар жүргізілуде», — деп толықтырды Сапархан Омаров.

Тақырыпты жалғастыра отырып, министр ағымдағы жылы ҚР Президенті пен Премьер-министрдің қолдауымен республикада Ветеринарлық бақылау қызметі күшейтілгені және Қазақстан-Ресей және Қазақстан-Қырғызстан шекарасында 32 ветеринариялық және фитосанитариялық бақылау пункттері ұйымдастырылғанын, бұл қауіпсіз емес өнімді алып келуге бақылауды күшейтеу ықпал еткенін атап өтті.

«2020 жылдың басынан бері ветеринария саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін 2,4 мың жеке және заңды тұлғаға 86,2 млн теңге айыппұл салынды. Карантинге жатқызылған өнімді импорттау кезінде өсімдіктер карантині саласында 3 мыңнан

астам заң бұзушылық анықталып, 137 млн теңге айыппұл салынды. Бұл 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 5 есеге артық», — деді С.Омаров.

Ауыл шаруашылығы министрі республикадағы ветеринарлық және фитосанитариялық қауіпсіздікті жақсарту үшін бірқатар жүйелі мәселелерді шешу қажеттігін атап өтті. Атап айтқанда, құстар мен жануарлардың қауіпті ауруларының таралуына жол бермеу үшін «әсіпкерлік субъектілерін тексеруге» мораторий қолданысынан «профилактикалық ветеринарлық және фитосанитариялық» тексеру түрлерін шығару қажет.

Бұдан басқа, инфекцияның таралу ошақтарын жедел оқшаулау үшін әкімдіктердің карантинді енгізу туралы шешімдерін келісу және бекіту мерзімдерін 1 күнге дейін қысқарту қажет. Бүгінгі таңда бұл процедураға 15 күн кетеді екен.

ӘЛЕМДІК АҚПАРАТ



Экономикалық даму тежеледі

Халықаралық Валюта қоры (ХВҚ) сарапшыларының болжауына, жаһандық ІЖӨ 2020 жылы 4,4%-ға қысқарады. Бұдан бұрынырақ 4,9%-ға қысқару туралы өңгіме қозғалған болатын. Бұл туралы ХВҚ-ның су жаңа «Әлемдік экономика дамуының келешегі» баяндамасында айтылған.

«Біз бұрын да болжағанымыздай, 2020 жылы терең рессиясы орын алмақ. Алдында болжамдар бойынша, әлемдік өсім -4,4%-ды құрайды, бұл маусым айындағыдан 0,8 пайыздық пункт жоғары. Бұл жоғарылау екінің тоқсанды мүшкіл жағдайдың біршама жеңілдеуінен, сондай-ақ үшінші тоқсандағы қайта қалпына келу әсерінің белсендірек іске асуы есебінен және нарықтары қалыптаса бастаған кейбір елдер мен дамушы елдердегі көрсеткіштердің төмендеуінен біршама бейтараптана түскен», — делінген ХВҚ блогындағы жазбада.

2021 жылы өсім тек 5,2%-ға дейін ғана қалпына келетіні айтылады, ал бұл осының алдындағы болжамнан -0,2 пайыздық пунктке төмен. Қазақстан бойынша ХВҚ-ның болжамы өзгермеген — экономикалық даму 2,7%-ға тежеледі.



REUTERS

Kaspi.kz компаниясы 6,5 млрд долларға бағаланды

ІРО құны немесе Kaspi.kz компаниясы акцияларының лондондық биржада бастапқы жариялау орналастырылуы бір акциясына 28,50 АҚШ долларынан 33,75 долларға дейін өрттені бөлады. Мәмілелердің жалпы көлемі 742 млн доллардан 879 млн долларға дейін түрленуде, деп жазады Reuters өзінің сайтында.

Компанияның өзі Лондон биржасында ІРО өткізуге ынталы екенін 2019 жылдың IV тоқсанында-ақ жариялаған болатын. Алайда, кейіннен компания бастылығы халықаралық қор биржалары мен жаһандық технологиялық сектордағы тұрлаусыздыққа байланысты ІРО орналастыру күнін ауыстыратыны туралы хабарлаған да болатын.

Айта кету керек, Kaspi bank 1991 жылдан бері Қазақстан нарығында қызмет көрсетіп келеді. Әуелгіде банк Аль Барака Қазақстан деп, кейінірек — Каспий Банкі аталды. Компанияның қазіргі акционерлері: Вячеслав Ким — 38,16%, Baring Vostok қоры — 28,84%, Михаил Ломтадзе — 29,00% және Goldman Sachs банкі — 4,00%. Мәліметтер ағымдағы жылдың 5 ақпанындағы жағдайға сәйкес есепке алынған.



WORLD BANK GROUP

Дүниежүзілік Банк энергияны жаңғыртуды қолдады

Дүниежүзілік Банктің тұрақты өкілі Жан-Франсуа Марто «Электр энергетикасы мен энергия үнемдеуді дамыту институты» АҚ іске асырып жатқан «Қазақстанда энергия тиімділігін арттыру» жобасының нысандарын аралап көрді. Екі күндік сапарында ол Петропавл және Қоқшетау қалаларындағы маңызды жұмыстармен танысқан.

ДБ тұрақты өкілі Ж.-Ф. Марто жекелеген мердігерлер мен әкімдіктердің жұмыстары жеке бастамаларымен жүзеге асырылғанын айрықша атап көрсеткен. Осындай бірлескен және іскер қимылдар арқасында пайдаланылып жатқан ғимараттар энергия тиімділігінің барлық талаптарына жауап береді, дейді ол.

«Қазақстанда энергия тиімділігін арттыру» жобасы екі құрамда бөліктен тұрады. Жұмыс бірінші кезекте мемлекеттік және әлеуметтік маңызды нысандардағы ішкі көрнекі жобаларды дайындауға және жүзеге асыруға бағытталған.

Батыр РАХМЕТҮЛЛИН

АЙМАҚ ТЫНЫСЫ

# Ақжайыққа инвестор іздестірілуде

Бүгінде Орал қаласы аумағында Ақжайық шағынауданының құрылыс жұмыстары жалғасуда.

ГУЛБАРШЫН ӘЖІГЕРЕЕВА

Бұдан сәл бұрынырақ жергілікті атқарушы құрылымдар қалада тұрғын үй кезегіне тұрғандардың, мемлекеттік қызметшілердің, әлеуметтік жағынан аз қамтылған азаматтардың тұрғын үй мәселелерін шешу мақсатында әлеуметтік және коммерциялық тұрғын үй салу үшін жана «Ақжайық» шағынауданының жобасын әзірлеген болатын.

— Жеке инвесторларды құрылыс жұмыстарына қатысуға шақырамыз. Бұл шағынауданда болашақта 50 мыңның үстінде тұрғын тірлік етеді. «Қазақстанның тұрғын үй құрылысы жинақ банкі» АҚ-ның желісі бойынша 80 мыңнан астам салымшы бар. Банк филиалымен өзара ынтымақтастық туралы меморандум жасалып, әлеуетті салымшылар анықталды. Қазіргі уақытта жана шағынауданда құрылыс жүргізуге ынталы жеке инвесторлармен келіссөздер жүргізудеміз. Құрылыс жұмыстарына қатысуға ықпалды жергілікті және өзге облыстардан бірқатар компаниялар бар, — деді «АҚАЙҰ» ӨКК АҚ-ның басқарма төрағасы Нәдір Құрмыбаев.

Қаланың 420 гектар жана аумағында бес шағынаудан болады. Басты мәселе — құрылыс жұмыстарына жеке инвестиция тарту. Мұндағы екі шағынауданда мемлекеттік тұрғын үйлердің құрылыстары жүргізілмек. Бүгінде оның жобалық-металдық құжаттамасы сараптамадан өткізілуде. Алағғы 2021 жылы тұрғын үйлердің құрылысы басталады деп күтілуде. Шағынауданда мектеп, медициналық кластер орталығы, балабақшалар болады. Ботаникалық саябақ салынады.



Балабақшалар көп қабатты тұрғын үйлердің бірінші қабатынан ашылады. Шамамен 200-ей көп қабатты тұрғын үй бой көтермек. Шағын аудандағы инфрақұрылымды (газ, су, электр, көріз) тартуға республикалық бюджеттен 4 млрд теңге бөлінді, толықтай игерілді. Сондай-ақ ауданда алдымен күре жолдар, сондан кейін кварталшілік автожолдар тұрғын үй құрылыс жұмыстарымен қатар салынақ. Жол құрылысының жобалары сараптамадан өткізілуде. Жолдардың құрылысы мемлекеттік бюджет есебінен жүргізіледі.

— Қалада құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Инвесторлар тарапынан құрылыс саласына инвестиция салуға ықпал күшті. Одан

басқаөңірде тұрғын үйге деген сұраныс азаяр емес. Шаһара құрылыс нысандарын салуға жер телімі жетпейді. Ақжайық шағынауданының толық жоспары қаланың бас жоспарына сәйкес жасқаталған. Сондықтан жеке инвесторларға инвестициялық ұсынғыстар дайындалды. Инвесторларға қызмет көрсету орталығы арқылы жеке инвестиция салуға құлықты жеке инвесторларға жобаларды толықтай іске асыруға барлық қолдау көрсетілмек. Өзге өңірлерден де инвесторлар тарту көзделген. Облыстан екі кәсіпкер инвестиция салуға ниеттеніп отыр.

«АҚАЙҰ» ӨКК АҚ инвесторларға арнап инвестициялық ұсынғыстар дайындалды. Онда инвесторлармен

келісімшарт жасай отырып, оларға шағынаудандағы құрылыс жұмыстары 6-7 жылға созылмақ. Шағынаудандар құрылысы 2021 жылдың көктемінде басталмақ. Қала мен Ақжайық шағынауданық жалғастыратын қалалық саябақ пен Шаған өзені арқылы өтетін көпір құрылысы жана шағынаудан бой көтергеннен кейін салынады деп жоспарланған.

Орал қаласы

# БИЗНЕС&ҚАРЖЫ

## НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

### ► ҰЛТТЫҚ БАНК

#### ЖАЛҒАН АҚША ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?

Ұлттық банк өкілдері жалған ақшаны түпұсқадан қалай ажыратуға болатынын түсіндірді.

Мамандардың пайымдауына, жалған қағазды анықтаудың үш негізгі әдісі бар. Мұны білген азаматтар көшірмені технологияның көмегісіз тани алады. Жалған ақшаны түпұсқасынан ажырату үшін банкноттағы бірнеше белгіге мән берген жөн. Алдымен қағаз ақшаны қолға алған кезде, саусақпен бетіндегі бедерін тексеру керек. Жарыққа ұстап, екі жағын мұқият көру қажет. Шытырлаған дыбысы да болуы тиіс. Сонымен қатар барлық банкнотта көзі нашар көретін адамдарға арналған бедерлер бар. Олар төменгі бөлігінде орналасқан. Қазақстанда көбіне 2 мың және 5 мың теңгелік банкноттар қолдан жасалады. Осыған байланысты азаматтар қолма-қол ақша алмасу кезінде сақтық танытқаны жөн, дейді мамандар.

Биыл жалған ақша саны бытырғы көрсеткішпен салыстырғанда шамамен 47% - ке азайды. Жалпы 2020 жылғы 7 ай аралығында айналды болған төрт жүзге тарта жалған банкнот анықталды. Аталған сан бұзылушылардың көбі Алматы қаласында тіркелді. Айта кеткен жөн, Ұлттық банктің құнды қағаздары мен тиындарын қолдан жасау, сақтау және өткізу сияқты қылмыс жасағандардың бар мүлкі тәркіленді. 5 жылдан 12 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы да мүмкін.

### ► КЕПІЛДІК: ДЕПОЗИТ

#### САЛЫМШЫЛАРДЫҢ МӨЛШЕРЛЕМЕСІНЕ ТҮЗЕТУ ЕНГІЗІЛДІ

Қазақстанның депозиттерге көпшілік бұры қоры төнгені депозиттер бойынша 2020 жылдың қараша айына ұсынатын ең жоғары сыйақы мөлшерлемелерін бекіткенін мәлім етті.

Қазан айына арналған мөлшерлемелермен салыстырғанда шекті мөлшерлемелерге қатысты өзгерістер ұзақ мерзімді депозиттер бойынша орын алды. Бұл мөлшерлемелер нарықтағы өзгерістерге байланысты есептеледі, яғни олардың жоғарылауы немесе төмендеуін банк секторы қалыптастырады.

12 және 24 айға шақталған мерзімді депозиттер бойынша нарықтық мөлшерлемелердің төмендеуі нәтижесінде олар бойынша шекті мөлшерлемелер сәйкесінше 0,4 және 0,1 пайызды тармаққа азайды. Төмендеуде қатысты бұл үрдіс банктердің дәл осы депозиттерге деген қызығушылығының төмендігін көрсетеді. Өйткені жинақ депозиттермен салыстырғанда олардың ұтысқылығы жоғары.

Ұлттық валютадағы басқа депозиттер бойынша ұсынатын ең жоғары сыйақы мөлшерлемелері бұрынғы деңгейінде қалды.

### ► ЗЕЙНЕТАҚЫ

#### ОРТАША МӨЛШЕР 95 МҰҢ ТЕНГЕНІ ҚҰРАЙДЫ

Жыл басынан бері қазақстандықтарға 1,8 трлн теңгенен астам сомаға зейнетақы төленді. Бұл туралы ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрігі мәлім етті.

2020 жылғы қаңтар-қыркүйек айларында республикалық бюджеттен базалық зейнетақы төлеуге 576,4 млрд. теңге, ынтымақты зейнетақы төлемдеріне – 1 трлн 285,4 млрд. теңге бөлінді. 1 қазандағы жағдай бойынша Қазақстанда зейнеткерлер саны 2 млн. 212 мың адам болса, зейнетақының орташа мөлшері (оның ішінде базалық зейнетақы) 94 913 теңгені құрайды. Еске салайық, 2018 жылғы 1 шілденен бастап мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі, оның зейнетақы жүйесіндегі тәжірибесін ескере отырып, әр алушыға жеке тағайындалады. Бұл ретте, 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ынтымақты жүйеде жұмыс істеген уақыты, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналары төленген кезеңдер зейнетақы жүйесіндегі еңбек өтіліне қосылады. Сонымен, егер зейнетақы жүйесіндегі жұмыс өтілі 10 жыл немесе одан аз болса, сондай-ақ егер мүлде жоқ болса, базалық зейнетақы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 54%-ын құрайды. Содан кейін 10 жылдан асқан әр жыл үшін оның мөлшері 2%-ға артады. Мысалы, егер сіз 20 жыл қатысқансыз, базалық зейнетақы күнкөріс деңгейі құнының 74%, 30 жыл – күнкөріс құнының 94% құрайды. 33 және одан да көп жыл жұмыс өтілі болса, күнкөріс құнының 100% жоғары мөлшерінде белгіленеді. Егер бір ай ішінде МЗЖ бірнеше рет Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына жасалса, жинақтаушы жүйеге қатысу мерзімі бір айды құрайды.

Осылайша, міндетті зейнетақы жарналары неғұрлым тұрақты және толық салынатын болса, зейнетақы жасына жеткенде базалық зейнетақы төлемдерінің мөлшері соғұрлым көп болады.

Өз кезегінде, жаснама байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшері 1998 жылғы 1 қаңтардағы жұмыс өтіліне (кем дегенде 6 ай қажет) және зейнеткерлікке дейінгі кезеңде алынған орташа айлық табысқа байланысты болады.

Нұрлан ҚҰМАР

### ► ЦИФРЛЫ ТЕХНОЛОГИЯ

# Интернеттегі алаяқтықтан сақ болыңыз!

Алаяқтықтың жаңа тәсілі интернетте шұғыл жайыла басталды. Каскойлер өздері құрбандыққа шалатын бейқұн жапа жегушілерді танымал онлайн-жарнама арқылы сауда платформаларынан тауып алады, деп жазды «Хабар 24» арнасына.

#### ИСАТАЙ ҚАМБАРОВ

Шындығында да, «алаяқтардың қулығына құрық бойламайды» деуші еді бұрынғылар. Мұндайлар қазіргілердің шаңына да ілесе алма-сы анық. Өйткені, бүгінгі алдамшы патшағарлар бүге-шігесіне істей жете түзелген тәсілмен жұмыс істейді екен.

Әдетте бір ай, ай жарым уақыттан кейін әлдебір сайтта хабарландыру жариялаған автор өз атына мерзімі өтіп кеткен онлайн-несіесі тіркелгенін бір-ақ біліпті. Мұндай тәсіл, жапа шеккендердің санына қарар болсақ, алаяқтарға қалтқысыз қызметін көрсетуде-ақ. Тек соңғы бір айда ғана астаналық полиция департаментіне елудей интернет-алаяқтардан зардап шеккендер арзыланыпты.

Солардың бірі – Ольга Смирнова өзінің алаяқтар «құрбандығына шалынғанын» таяуда ғана біліпті. Бір жарым ай бұрын бұл бойжеткен әлдебір онлайн-платформада көрме көзге өрескел ешпенесі жоқ сабын автокрососын сататынын туралы хабарландыру орналастырды. Айналасы екі сағаттай аралықта онымен ықтимал сатып алушы хабарласады. Әлдеқандай бекітпелермен қарточка нөмірі бойынша төлем жасау өрнекті іске аспай қалды деген желеумен, жанағы әйел шотының 20-санды нөмірін жөнелтуін сұрады. Мұндай өтініш күмән туғыза қоймайды. Мәміле іске асырылады.

Өйтсе де, кешке қарай сатып алушы, өзінің күйіле Олганың қарточкасына басқа тауар үшін, 100 мың теңгені, қате аударғанын желеу етіп, тағы пайда бола қалады.

«Бір жарым ай өткен соң, маған микроқаржылық ұйымның коллекторлық агенттігінен телефон



соғып, неге өзіміз қарызды төлемейтімізді сұрады. Мен таңқалдым. Коллектор маған Халық банкінен мен жайында ақпараттар толықтырылуы түскенін хабарлады. Сонда ғана мен, мұның іс жүзінде менің атымдағы микроқаржы болғанын түсіндім», – дейді Ольга Смирнова.

Ольга желеу полицияға хабарласады. Өтініші қабылдайды, қылмыстық іс қозғалады, соған қосарлана бойжеткенге зайымның мерзімін өткізіп алғаны үшін айыппұлдар өсіп жатты. Қарыз қазір 140 мың теңгеге жуық өсіп кеткен.

Осыған ұқсас жағдайға Нұр-Сұлтан қаласының тағы бір тұрғыны дулар болған, ол – Максим Ванюков. Қолайсыз жайтқа тап болғанын ол, өзінің шотына, күтпеген күйіле, ақшалар түскеннен бастап-ақ сезген. Бұл ер азамат та шұғыл полицияға хабарласады.

Алаяқтық құрбаны Максим Ванюков былай деп әңгімелейді: «Ол әйел маған ақшаны аударым арқылы жөнелтуімді сұрады. Бұл қалыпты жайт. Иә, күдік туындаған, бірақ сонда да жөнелттім. Басқа мәліметтер болған жоқ. Танертен ол, қателікпен, 100 мың түсіпті, дегенді айтты. Бірден полицияға келіп жеттім. Айақтарым бұғаттау

мақсатындағы шаралар басталды. Кешкісін ол құрықталды, хаттама толтырылды. Мен ақшаны жаратпауға міндеттенемін, деп қолхат жазып бердім. Тексеру іс-шаралары 2 ай бойы жүргізіліп жатыр, мен қарызды өтеуі алмаймын, пенясы үстемеленуде».

Жағдайға Қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі агенттікте де түсініктеме берді. Қаржылық реттеуші микроқаржылық ұйымдар және алаяқтықтың құрбандары арасында түсінікті орнату екітәлігін өз міндетіне алуға дайын екен.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі агенттік басқармасының жетекшісі Рустам Абдулқафеев былай дейді: «Бәлкім, еді басқа да ақпарат көздерінен жылыстау, әлдеқайда жылдыстау орын алуға. Бірі бірдей микроқаржылық ұйымдармен байланысты да болмауы мүмкін. Бұл жерде әрбір жайтпен жеке-жеке түсіністеу тура келеді. Мұнда микроқаржы ұйымның диалог орнату қажет және өз тарапынан қаржы реттеушісі де қазылық рөлді міндет атқаруға дайын. Ол, жағдайды барлық жағынан есепке ала отырып микроқаржы ұйымдарына тиісті ұсыныстар берер еді, соның ішінде не борыштарын күшін жою, немесе сыйақы есептеуді, айыппұл ықпал

шараларын тоқтата тұру талап етіледі».

Өздерінің аңғарғандай, қыркүйек айының басында құқық қорғау органдарына астанамыздың 50-ге жуық тұрғындары өтініш берген. Бұлардың бәрі де – алаяқтардың құрбандары. Олардың банктік қарточкалары, онлайн «тапқыр» каскумендер еш қиланалысыз 2,5 миллионнан астам теңгені жымқырып кеткен. Зардап шеккендердің басым көпшілігі зейнеткерлер.

«Қазіргі уақытта Нұр-Сұлтан қаласы полиция департаментінің Қылмыстық істі тексеру басқармасының Киберқылмыспен күрес жөніндегі бөлімінің қызметкері бес қылмысты ашқан. Ақша жымқыру күдігімен үш адам ұсталған. Сотқа дейінгі тексеру жұмыстары жүргізілуде», – делі Нұр-Сұлтан қаласы ПД киберқылмыспен күрес жөніндегі бөлімінің қызметкері.

Соңғы жылдары интернетте жасалған қылмыстардың күрт өсуі байқалады. Егерде 2018 жылы еліміз бойынша осы сияқты қылмыстың 4 мыңдайы тіркелсе, бытыр олардың саны 2 есеге өскен. Ал 2020-шы жылдың тоғыз айында интернеттік алаяқтықтың 8 мыңнан аса фактілері тіркелген.

Киберқылмыспен күрес жөніндегі орталықтың айрықша маңызды істер бойынша аға жетекшісі Жаңар Муғалыновтың айтуынша, «1700-лей интернет алаяқтығы ашылған, 400-ге жуық адам ұсталды, олар екі және одан да көп интернеттік алаяқтық жасағаны үшін құдіктер болатын».

Ақпараттық технологиялар саласындағы қылмыстар статистикасы рекордтар жасауда. Ал жедел қызметкерлер жүзеге асырылып қойған фактілерді ашумен айналысып ауре болғанда, бәлкім, мамандар ұсыныстарына құлақ асқандары азбаз болар: қырағылық танытып, банктік қарточкалар мен шоттардың жеке деректер қауіпсіздігін сақтауға жете көңіл бөлу керек-ақ, әсте. Қазіргі таңдағы басты мақсат – нақ осы!

### ► МӘМС ЖҮЙЕСІ

# Қате немесе артық төленген төлемдерді қайтаруға бола ма?

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі 2020 жылдың басында толыққанды күшіне енген болатын. «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАК Алматы қалалық филиалының хабарлауына, быдан бастап барлық санаттар жарна төлеуге міндеттелді.

Сақтандыру жүйесіне қате немесе артық төленген жарналарды қайтарып алуға болады. Артық ақшаны қайтарып алу үшін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына «төлемді қайтару туралы» өтініш жазу қажет. Төлем жасалғанын растайтын құжаттар (стандартты анықтама немесе төлем құжаттарының көшірмесі) өтінішке қоса жіберіледі. Мемлекеттік корпорация арызды келіп түскен күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде тексеріп, жарна мөлшерін, өсімақы бар-жоғын анықтайды.

«Содан соң өтініш төлем реквизиттерімен бірге Медициналық сақтандыру қорына жіберіледі. Қор артық немесе қате төленген ақшаны жеті операциялық күн ішінде Мемлекеттік корпорацияның есеп-шотына аударады. Қаржы қайтарылмайтын болса, оның себебін түсіндіретін мәліметтерді жолдайды», делінген хабарламада.

Сонымен, қаржы мынадай жағдайларда: қате аударылғанда, артық төленгенде, төлемнің мақсаты коды қате көрсетілсе, МТ 102 форматындағы төлем құжатында қате кеткен жағдайда, төлеушінің реквизиттері дұрыс көрсетілмесе, төлеуші немесе банк қаржыны бірнеше рет аударып жіберсе, қайтарылады.

Қазіргі таңда сақтандыру төлемдері жайлы мәліметті «электронды үкіметтің» gov.kz порталы арқылы алуға болады. Ол үшін электронды цифрлық қолтаңба қажет. Цифрлық қолтаңбасы бар кез-келген азамат «жеке кабинетке» кіріп, МӘМС төлемдерінің қашан жасалғанын біле алады.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАК Алматы қалалық филиалының баспасөз қызметі

## МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ

**МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ПАКЕТІ ҮШІН КІМ ҚАНША ТӨЛЕУ ТИІС?**

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) пакетінде медициналық көмек алу үшін сіз Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына салымдар/аударымдар жасауыңыз керек.

<p><b>Азаматтардың жеңілдігі бар 15 санаты үшін Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымды мемлекет жасайды.</b></p> <p><b>Жұмысшылар үшін жұмыс берушілер - 2020 жылы жалақының 2%, 2022 жылдан кейін 3% (жұмыс беруші төлейді).</b></p> <p><b>АҚШ келісімдері бойынша жұмыс істейтін адамдар 2020 жылы кіріс сомасының 1%, 2021 жылы 2% төлейді.</b></p> <p><b>Жеке кәсіпкерлер өз жұмысшыларына жұмыс беруші ретінде төлейді. Өздері үшін - ең төменгі жалақының 1,4 мөлшерінің 5% (2020 жылы 1 минималды жалақы 42 500 теңге) немесе 2 975 теңге.</b></p>	<p><b>Қызметкерлер өздері үшін 2020 жылы жалақының 1%, 2021 жылы 2% төлейді (қызметкерден ұсталады).</b></p> <p><b>Өз бетінше жұмыспен айналысатындар 1 АЕК немесе 2 651 теңге (қаладағылар), 0,5 АЕК немесе 1 326 теңге (ауылдағылар) БҰТ (Бірыңғай жиынтық төлем) төлейді. Бұл сома зейнетақы жинақтарына (ӘМС қорына) 40%, Әлеуметтік сақтандыру қорына 20%, табыс салығы үшін 10% болып бөлінеді.</b></p> <p><b>Халықтың қалған барлық санаттары тәуелсіз төлеушілер ретінде жарналар енгізеді - 1 ең төменгі жалақының 5% немесе 2155 теңге.</b></p>
---	---

Міндетті сақтандыру туралы қосымша ақпаратты Медициналық сақтандыру қорының бірыңғай байланыс орталығының **1406** нөмірінен, сондай-ақ [www.fms.kz](http://www.fms.kz) сайтынан білуге болады



БИЗНЕС&ӨНДІРІС

COVID-19: ОТАНДЫҚ ӨНДІРІС

# Аппаратпен қамту қай деңгейде?

> [1]

С. Черненконың айтуынша, көптеген елдермен сынақтан өткізуге арналған тәжірибелік үлгісін елге әкелу туралы келіссөздер жүргізілген. «Ең жақсы ӨЖЖ аппаратын таңдау, өз өндірісімізді жолға қою үшін технологиясын алу міндеті тұрды. Барлық жаққа, оның ішінде отандық бизнес өкілдеріне хабарластық. Тек Түркия мен Қытай ғана жауап қатып, өздерінің түрлі өндіруші компанияларынан екі аппараттан жберді. Түркия оны гуманитарлық көмек деп бізден ақшасын да алмады. Оңтүстік Корея да дайын екендерін білдірі, бірақ аппараттарын тек күзде бөле алатындарын айтты. Өзіміздің қазақстандық өндірушілерден де ұсыныстар келіп түсті. Бірақ біздің компанияларымыздың құзыреттіліктері жеткіліксіз болды әрі қажетті көлемді шығаруға және өндіріс мерзіміне қатысты кепілдік бере алмады. Оған қоса, біз шілде айында өткізген сынақтарға бір-бір өнімін бере алмады», — дейді ол.

Келіп түскен аппараттарды Денсаулық сақтау министрінің мамандары астанадағы инфекциялық стационарда бірден іске жүзінде сынақтан өткізген. Екі апта ішінде ӨЖЖ аппараттарын нақты пациенттерге көмек көрсету үшін қолданып, қорытындысында түріктердің ASELSAN компаниясының технологиясын ең тиімді және жұмыс істеуге қолайлы деп тапты. Мамандар бағдарламалық қамтамасыздағын аударып, оңтайландырды. Дәрігерлеріміздің өтініші бойынша аппарат құрылымына ауаны ылғалдату және сығылған ауа компрессоры қосылды. Өйткені, сығылған ауа-



ны жеткізетін стационарлық жүйе еліміздегі медициналық мекемелердің біразында жоқ.

Нұр-Сұлтан қаласында 2011 жылдан бері қорғаныс кешені үшін дәлдігі жоғары өнімдер шығаратын Қазақстан-Түркия бірлескен кәсіпорны жұмыс істеп жатқандықтан, әрі білікті мамандары мен шығарылған ӨЖЖ аппаратын сынақтан өткізуге қажетті алаңдары мен кешені болғандықтан, шілде айының соңында өндіріс іске қосылып, бірден өндірісті оқшаулау жұмысы басталған. Ал қыркүйекте өндірісті қуаты күніне 70 стационарлық ӨЖЖ аппаратын шығаруға жетті. Олар тұтынушыға

жіберілер алында бірнеше күн бойы сынақтан өткізіледі. «Қазақстан ASELSAN инженеринг» ЖШС аппараттарының құны шетелдік нұсқаларына қарағанда үштен бірге арзан. Әрі мемлекет болған қаражат ел экономикасында қалады. Компания сондай-ақ қондырғыны монтаждап, медицина қызметкерлерін оқытады және аппаратқа 37 айға кепілдік береді. Осы уақыт ішінде қондырғыға Қазақстанның кез-келген бұрышында сервистік қызмет көрсетіледі.

«Тыныс» АҚ қорғаныс зауыты шығаратын ӨЖЖ мобилдік аппа-

раттарының тарихы әріде жатыр. Тиімді, сенімді және пайдалануға оңай бұл шағын аппараттарды зауыт сонау кенес заманынан бері шығарып, Шетелдік өндірушілер мұндай қондырғыларды ұшақтарға қояды. «Көкшетау-4П» аппараты — 2016 жылдан бері шығарылып келе жатқан кәсіпорынның нәу-хау өнімі. ӨЖЖ аппараты қойылған мобилдік чехолдан бар кез-келген адам науқасқа көмек көрсете алады. Ол үшін нұсқаулықты оқыса жеткілікті. Кәсіпорынның қуаттылығы — айына 500 аппарат. Оның жеке саудадағы бағасы 750 мың теңге шамасында, — дейді Сергей Черненко.

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

▶ ЭКСПОРТ

ЕЛІМІЗДЕ БЕНЗИН ӨНДІРІСІ АРТТЫ

Қазақстан бензин экспорттауы елге айналды. Сыртқы нарыққа бензин жеткізу өткен жылға қарағанда нақты мәнде 58 есе, құнына шаққанда 49 есе өсті.

2020 жылдың қантар-тамызында Қазақстанның мұнай өңдеу зауыттары авиотыңды қоса алғанда 2,9 млн тонна бензин шығарды. Бұл өткен жылғы көрсеткіштен 3,3 пайызға көп. 2019 жылдың ішінде елімізде 4,5 млн тонна мотор отыны өндірілген болатын. Көрсеткіш 2018 жылмен салыстырғанда 14,7 пайызға жоғары. Өндіріс шекте өндірілген өнімнің ең үлкен көлемі «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС жұмыс істейтін Шамкент қаласына тиесілі. Өндіре өндірілген өнім жалпы республикада шығарылған жанар-жағармайдың 44,9 пайызын құрайды. Шамкент зауытына 1,3 млн тонна бензин өндіріліп отыр. Бұл бір жыл бұрынғы көрсеткіштен 8,7 пайызға көп. Ал екінші орында тұрған Павлодар облысында 858,7 мың тонна бензин өндірілгенімен, өндіріс көлемі жыл ішінде 1,9 пайызға кеміген. Атырау облысындағы мұнай өңдеу зауыты да жыл ішінде өндіріс көлемін 1,1 пайызға төмендетіп алды. Өндіре 688,7 мың тонна жанар-жағармай шығарылды. 7 айдың қорытындысында отандық компаниялар бензин сұранысын (ішкі нарық пен экспортты қоса алғанда) толықтай қамтамасыз етті. Импорт үлесі көп емес, небәрі 0,03 пайыз ғана. Бір жыл ішінде отын импорты 25 есе төмендеді. Ал экспорт үлесі 11,1 пайызды құрады. Компаниялар өткен жылмен салыстырғанда оның көлемін 44 есе арттырып, 276,7 мың тоннаға жеткізді. Ал 2020 жылдың қантар-тамызында компаниялар 362,1 мың тонна автомобиль бензинін экспортқа шығарып, өсім көлемін 57,6 есе жеткізді. Ақшаға шаққанда экспорт 125,6 млн доллар болды. Бұл өткен жылғы түсімінен 48,5 есе көп. ТМД елдеріне 36,7 млн доллар сомаға 103,3 мың тонна бензин жөнелтілді. Қазақстан бензиннің негізгі импорттаушы елдері — Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан. Өлемнің қалған елдеріне 88,9 млн долларға 258,8 мың тонна автомобиль бензині жіберілді. Негізгі импорттаушылар: Ауғанстан, Нидерланды және Грузия. 2020 жылдың қыркүйегінде еліміздің ішкі нарығында бензин бағасы шамалы жылдық өсім көрсетті. АИ-92 бензині бір жыл ішінде 2,8 пайызға қымбаттап, литрі 150,8 теңгені, АИ-95/95 1,2 пайыз өсіммен 171,4 теңгені, АИ-98 1,5 пайыз өсіммен 190,2 теңгені құрады.

▶ МАҚТА КЛАСТЕРІ

«ТҮРКІСТАН» СОРТЫ ӨСІРЕЛДІ

Кентау қаласына қарасты Қарашық ауылдық округінде 1992 жылдан бері «Тұран» жұмыс қожалығы жұмыс істейді.

Шаруасын 50 гектар жерге мақта егуден бастаған қожалық бүгінде жер көлемін 1185 гектарға көбейткен. Соның 850 гектарына мақта егеді. Осыдан 3 жыл бұрын қожалық ғылыми-институтпен бірігіп отырып, мақтаның «Тұран» және «Түркістан» деген сорттарын шығарған. Бүгінде «Түркістан» сортын өсіріп, өзге елдерге экспорттап отыр. Бұл сорттың басқа мақталардан айырмашылығы — жылдам пісіп, көсіретін бірден ашылатындығы. Сондай-ақ, көп тынытқыш талап етпейді. Төртінші типке жататын мақтаның бұл сорты тоқыма өндірісіне қолайлы.

Айта кетерлігі, аталған сорты облыстағы өзге аудан, қаланың шаруалары да егуде.

Шаруа қожалықта жергілікті 60 адам жұмыс істейді. «Тұран» ШҚ-ның төрағасы Хабибулла Азимовтың айтуынша, өткен жылы 35 центнер мақта жиналған болса, биыл 40 центнерден аса өнім алу жоспарланған. Былтырғы өнімді Түркия және Балтық жағалауы елдеріне экспорттаған. Қожалық болашақта тоқыма өндірісін іске қосуды жоспарлап отыр.

▶ ТҮЙЕ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ТӨРТ ТҮЛКІТІ ТӨРЕСІ — ТҮЙЕНІ КӨБЕЙТУ ҚОЛГА АЛЫНДЫ

Түркістан облысының көлімі Өмірзақ Шөкеев ойсыз кара тұқымын көбейту арқылы өзге өмірлермен бөсекселе болуға қауқарлы ауданға осы кәсіпті мықтап қолға алуды тапсырған болатын.

Осы мақсатта түйе түлігін асылдандыруға 2000-ға жуық түйе аналығы сатып алынды. Оның жартысы жеңілдетілген несие алу арқылы, қалғаны азаматтардың өз қаражаты есебінен жүзеге асырылған. Аймақ басшысы Өмірзақ Шөкеев ауданға арнайы жұмыс сапары барысында түйе шаруашылығымен айналысатын бірқатар шаруа қожалықтарының жай-күйімен танысты.

Созақ ауданында түйе шаруашылығының әлеуеті жоғары. Мәселен, өңір басшысы аялданған Шөлақорған ауылында түйе шаруашылығын өркендетіп отырған «Бағдат» шаруа қожалығында 350 бас түйе бар. Шөлге шыдамды төрт түлкітен көктем айларында 250 тонна түйе сүті «Golden Camel Group LTD» ЖШС зауытына өткізілген.

Ірі мал басын асылдандырумен айналысатын «Қанджарбек» шаруа қожалығында 110 бас мүйізді ірі қара, 1150 бас уақ мал мен жүзге жуық жылқы бар. Мал шаруашылығын дамытуда Созақ ауданы межелі табыстарға қол жеткізуде. Атап айтқанда, ауданда 40 мыңға жуық мүйізді ірі қара, 341 471 көш-өйсік малы мен 14 мыңға жуық түйе, 25 мыңнан астам қозы өсірілуде. 2020 жылдың 8 айында 7 546,1 тн ет, 11 321,6 тн сүт, 2 129,7 мың дана жұмыртқа өндіріліп, былтырғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемі едәуір өскені байқалады.

Нұрлан ҚҰМАР

ИНДУСТРИЯ 4.0

# КТЗ: Өткені өрісті, келешегі келісті кәсіпорын

> [1]

Мысалы, ұсынылатын техникалық пайдалану мерзімі 25 жылды құраса да, іс жүзінде дұрыс қолданылып, уақытылы сервистік қызмет көрсетіліп отырса, трансформаторлар 40-50 жыл үздіксіз жұмыс істеуге қабілетті. Жоғары сұранысқа ие зауыт өнімі Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Армения, Тәжікстан елдеріне экспортталады. Трансформаторлар сапасымен ғана емес, энергия үнемдегіштігімен де ерекшеленеді. Жетекші еуропалық елдердің жоғары технологиялық жабықтықтарын енгізу, сондай-ақ заманауи оқшаулағыш материалдарды қолдану арқылы өндіріс ошағының өнімдері сапа, сенімділік және номенклатураның әртүрлілігі бойынша шетелдік ұқсас техникалардан едәуір асып түсті. Өткен жылдары зауыт өнімдерінің тізімі 400-ден астам атауға жетті. 60 жылдық тарихы бар кәсіпорын жыл сайын өнім көлемін 15 пайызға арттырды. Өткен жылы зауыт 27 млрд теңгенің бұйымын шығарған. «Тәуелсіздік жылдары біз экспортқа шығаратын өнімдеріміздің де санын көбейттік. Шығарылған өнімнің 40 пайызын Монғолия, Еуропа, Чехия, Латвия, Украина, Белоруссия, Армения, Эфиопиядан, оңтүстігіндегі Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Ауғанстан сияқты мемлекеттерге экспортқа жіберіп жатырмыз. Бұл біздің ұжымның, жалпы еліміздің үлкен жетістігі», — дейді трансформатор зауытының басқарушы төрағасы Хайрулла Қожабаев.

Мемлекет кәсіпорындары даму институттары арқылы барынша қолдап келе жатқаны мәлім. Экспорттық әлеуетті арттыруға негізгі міндеттердің бірі саныт-ын өндіріс ошағы «Нұрлы жол» инфрақұрылымы дамытуымен мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде бұл мақсатқа Қазақстанның Даму банкі тарапынан қосымша қаржыландыру



алды. ҚДБ 6%-бен 1,5 млрд теңге мөлшерінде несие ұсынды. Оған қоса 60 жылдан аса уақыт жұмыс істеп келе жатқан зауытта жауаптыларды жанарту қажеттілігі тұнбайтыны белгілі. Сондықтан КТЗ «Өнімділік-2020» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде ҚДБ-Лизинг тарапынан ұсынылған қаржыландыруға трансформаторлар өндіру үшін әлемнің жетекші өндірушілерінен металл өндіретін станоктарын сатып алды. Автоматтандырылған басқару бағдарламалық жасақтамасына негізделген бұл жабық қол еңбегін жеңілдетуге, өнімділікті арттыруға және өнімнің өзіндік құнын төмендетуге мүмкіндік береді. «КТЗ» АҚ жетілдіру барысында кенестік кезеңін босанып, ескірген құрылыстарынан арылып, таңымалы шығыс және еуропалық

жетекші фирмалардың жана үздік технологиялық құрылысына ауысты.

Жұмырда зауыттың өндіріс ошағында бір уақытта 6 адамның жұмысын атқара алатын жапондық Yaskawa Motoman дәнекерлеуші-роботы іске қосылды. Ерекше құлтырғы дәнекерлеу сапасын арттыруға және кәсіпорынның өнімділігін жоғарылатуға көмектеседі. Мысалы, бір дәнекерлеуші маманын 8 сағатта атқаратын жұмысын робот 20 минут ішінде орындап шығады. Өндіріске роботтарды қосу — жұмысшылар санын қысқарту емес, керісінше, жұмыс сапасын жақсартып, өңбек өнімділігін, бәсекелес қабілеттілікті арттыруға септегіп түгізеді. Жапонияда ойлап табылған Yaskawa Motoman роботы Швецияда құрастырылып, Украин-

нада арнайы өндіріске лайықты бағдарламасы енгізілген. Роботпен жұмыс істеу үшін Кентаудағы зауыттан мамандар Украинаға бөтіп келген. Болашақта зауытты тағы да осындай роботтармен толықтыру жоспарлануда. Атап өтерлігі, мұндай дәнекерлеуші-роботті Қазақстанда алғаш іске қосылып отыр. Ақылды технологияларды енгізудің нәтижесінде өндірісті шығын көлемі 10 пайызға қысқарған.

Кәзір кәсіпорында 1153 адам еңбек етеді. Сонымен қатар зауыттан өз политехникалық колледжінде студенттер дуальді оқытудан өтеді. Колледж жыл сайын 100-ден астам маман даярлап шығарады, олар кейін зауытта және «Alubeum Electric» бірлескен компаниясында жұмыс істейді.

БИЗНЕС&ҚАРЖЫ

ШОЛУШЫ БАҒАНЫ

Жетпісбай БЕКБОЛАТУЛЫ, ал-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры



e-mail: Zhetpisbay.Bekbolatuly@kaznu.kz

Қыркүйектегі халықтың инфляциялық күтулері айқындалды

Қаржыгерлердің соңғы мәлімдеулеріне қарағанда, нақты жылдық инфляция 7 пайыз деңгейінде тұрақтанған кезде инфляциялық күтулер қыркүйекте 6,5 пайызға дейін төмендеген. Сонымен қатар қабылданатын және күтілетін бағанын өсуін тосу азайған. Мәселен, бағаның өсуін атап өткен респонденттердің арасында бір жылдық болашақта күтілетін инфляцияны медиандық бағалау 16,6 пайызға дейін түскен. 2020 жылғы қыркүйекте өткен 12 айда бағалардың мейлінше тез өскенін атап өткен респонденттердің үлесі 62 пайызға дейін төмендеген. Өткен айдағы баға серпінін анықтау кезінде бағалардың өте жоғары өсуін көрсеткен респонденттердің үлесі 38 пайызға дейін кеміген, шілдеде ол 49 пайыз, тамызда 41 пайыз болған.

Тілге тиік етіліп отырған халықтың және нарыққа қатысушылардың инфляцияның одан кейінгі серпіні туралы болжамдарын бірнеліктің инфляциялық күтулері туралы бір сөз. Инфляцияның ақталмайтын деңгейі жөніндегі болжамдар болашақта халықтың және нарықтың экономикалық қызметіне әсер етеді. Егер инфляциялық күтулер төмен болса, онда нарыққа қатысушылар өз ақшасын өндіріске, инвестициялық жобаларға, қаржылық операцияларға орналастыруға тырысады, ал жоғары болса, онда нарыққа қатысушылар тауарларға, жылжымайтын мүлікке, тұрақты шетелдік валютаға, сондай-ақ құны салдағы инфляция деңгейіне қатысты болмайтын басқа құндылықтарға салады. 2016 жылғы қантардан бастап Қазақстандағы инфляциялық күтулерді өлшеуге бағытталған халық арасында пікірлерім жүргізіліп келеді. Ай сайынғы пікірлерім 1500 респондент қатысатын телефонмен сұхбат жүргізу арқылы ересек тұрғындар арасында жүзеге асырылады. Сөйтіп, үстіміздегі қыркүйекте жүргізілген пікірлерімізге келсек, оның барысында тамызбен салыстырғанда осы айда респонденттердің аз бөлігі тамақ өнімдері бағасының, көпшілігі азық-түлікке жатпайтын тауарлар мен қызметтер бағасының өскенін атап өтті. Респонденттер тамақ өнімдерінің құрамында ет және тауық, жемістер мен көкөністер, сүт өнімдері бағасының өскенін көрсетуді жалғастырды, бұл ретте олардың үлесі тамызбен салыстырғанда төмендеді. Алн-тоқсан өнімдері бағасының өскенін атап өткен респонденттердің үлесі артты. Азық-түлікке жатпайтын тауарлар құрамында тұрмыстық техника мен кенсе тауарларына бағанын өсуін атап өткен респонденттердің үлесі аз. Қызметтер бойынша тарифтердің, сондай-ақ шағастар, атыле және басқа тұрмыстық қызметтер құнының өскені атап өтті. Ағымдағы және болашақтағы материалдық жағдайды бағалау шілде-тамызбен салыстырғанда үлкен теріс болды. Бұл орайда жақсы аулаушылардың үлесі қалпына келгені, респонденттердің ірі сатып алуларға дайындығы артқаны айтылды. Қыркүйекте жинақ құндысы бұл респонденттердің үлесі төмендеген. Бұл ретте жинақ ақшаның көп бөлігін банктік депозит түрінде сақтауды жалғастырады. Даму келесігін қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді бағалау мейлінше оң болды.

Енді ұлттық валютаның ағымдағы хал-ахуалына аз-кем тоқталып өтейік. Сауда-саттық қорытындысы бойынша қазанның ортасында теңгенің нарықтық бағамы бір аптада 427,29 доллардан 0,2 пайызға әсірлеп, бір АҚШ доллары үшін 428,05 теңге деңгейіне қалыптасты. Сыртқы валюта нарығында үстіміздегі жылғы 9-16 қазан аралығындағы кезеңде қоронавирусстың екінші толқынының оралуына, АҚШ-та президенттік сайлауға дейін ынталандыру шаралары топтамасының қабылдауына және Covid-19-ға қарсы вакцинация сынанан өткізудегі сәтсіздіктерге қатысты қауіптену аясында дамушы нарықтардың көптеген валюталарының теріс түзетулі байқалды. Сонымен қатар, Халықаралық валюта қоры қоронавирусстың таралуы тоқтатылғандықтан дейін әлемдік экономикада бұрынғыша әрқелкі қалпына келу мәселесі орын алады деп ескертті. АҚШ Қаржыміністрлігі деректері бойынша қыркүйек айында бұл елде бөлшек сатылым күтілгеннен көп, 1,9 пайызға өсті, бірақ тұтыну шығындарының тез артуы мемлекеттің бюджетті ынталандырумен байланысты болуы да ықтимал. Ал, бидің елімізбен деңгейлес дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына қатысты бағамдарының серпіні әрқилы қалыптасып отыр. Мәселен, Индонезия рупиясының бағамы бір аптада 14 700-ден 14 698 деңгейге түсіп, онша өзгерген жоқ. Индонезияның орталық банкі экономиканы ынталандыру үшін реттеуші мемлекеттік облигацияларды сатып алу сияқты шараларды қолдана отырып, 4 пайыздық негізгі мөлшерлемені сақтап қалды. Билеуші партиядағы қошбасшылық үшін күресте екі кандидат жеміске жеткенін мәлімдеп, мұның өзі аралық конгресс сайлауы аялында саяси бөліну тәуекелін тулауын отырған Мексиканың ұлттық валютасы песо бөлек бір аптада 21,14 бағамға барып, өткен аптадағы белгілеріне қайта оралды. Үнді рупиясы үстіміздегі жылы ішкі жалпы өнімнің өсу қарқыны төмендеген соң 0,3 пайызға әсірледі. Оңтүстік Африка ранды карантиндік шаралардың жеңілдегеніне қарамастан тамызда өнеркәсіп өндірісінің теріс өсуі туралы деректердің шығуы аясында 0,5 пайызға, аз түрік лирасы 0,6 пайызға құлдырады. Бразилия реалы АҚШ доллары бағамының жаһандық нығаюы және реттеушінің спот нарығындағы 360 млн. долларлық интервенциясына қарамастан түскел қабылдауы аясында 2,2 пайызға төмен түсті. Ресей рублі А.Навальнийдың ұлануына байланысты Еуропалық одақтан Ресейге қарсы санкциялары, сондай-ақ жаһандық инвесторлардың тәуекелге қатысты дәрежесінің төмендеуі аясында 76,77-ден 77,8 долларға дейін 1,3 пайызға әсірледі. Қыркүйекте бюджет тапшылығы әлеуметтік қамтамасыз ету жүісіне төленетін төлемдердің өсуіне байланысты түсімдерден шығыстардың асып кетуі аясында шамамен 3,8 млрд. доллар болды.

ҚАРЖЫ

Ақшасыз төлемдер интернетке ауысты

Ақшасыз төлемдер интернетке қарай бет бұрған. Қазірдің өзінде қартөчкалар бойынша ақшасыз төлемдердің 80%-дан астамы – интернет пен телефон арқылы түлеу енішінде екен. Бұл туралы finprom.kz өз сайтында жазады.

ИСАТАЙ КАМБАРОВ


ҚР аумағында 2020 жылдың қантар-тамызында төлем карталарымен ақшасыз төлемдердің көлемі рекордтық көлемдегі 18,7 трлн теңгені құранты. Басқаша айтқанда, бұл – өткен жылдың

төлемдердің ең көп көлемі әдеттегідей нақ осы Алматының енішінде: 7 трлн теңгеге жуық. Сондай-ақ айналымнан ақшасыз төлемдердің ең жоғары үлесі де осы мегаполиске тиесілі: 76,8%. Ақшасыз төлемдер және айналымнан олардың үлесі бойынша Нұр-Сұлтан қаласы екінші орында: 2,9 трлн теңге немесе 72,2%.

ҚР аймақтарының тек үшеуінде ғана төлем карталары бойынша қаржылардың жиынтық айналымынан ақшасыз төлемдер үлесі жартысынан төмен: Солтүстік Қазақстан (43%), Шығыс

2-инфографика

Қазақстандық және шетелдік эмитенттер шығарған ҚР аумағында қолданылатын төлем қартөчкаларымен ақшасыз төлемдер. 2020 ж. қаңтар-тамыз (млрд тт)



\*Түркістан және Шымкент қ.

ҚР Ұлттық Банкі мәліметтері негізінде

осындай кезеңінен 2,7 есе артық деген сөз.

Қартөчка бойынша айналымнан ақшасыз төлемдер үлесі бір жылда 40,1%-дан 64,2%-ға дейін өскен (1-инфографика).

Ағымдағы жылы ҚР-ның тіпті төрт аймағында төлемдер триллион теңгеден асып түскен, ал атап айтар болсақ, бытыр мұндай көрсеткіштер тек қаржы орталығымыз – Алматыда ғана тіркелген екен. Ақшасыз

Қазақстан (45,4%) және Ақмола (47,5%) облыстарында құрайды екен. Дегенмен де, бытырмен салыстырғанда ақшасыз төлем жасау үлесі бұл аймақтарда өлеуір өскен (тіпсініш, 16,2%, 14,3% және 18,1%) (2-инфографика).


Ақшасыз төлемдердің айтарлық көлемі интернет пен мобильді телефондар енішінде де быұырған: 15,1 трлн теңге – өткен жылға қарағанда 3,2 есе артық. POS-терминал енішінде 3,5

1-инфографика

Қазақстандық және шетелдік эмитенттер шығарған ҚР аумағында қолданылатын төлем қартөчкаларымен ақшасыз төлемдер. Қаңтар-тамыз (трлн тт)



Қартөчка бойынша айналымнан ақшасыз төлемдер үлесі. Қаңтар-тамыз



ҚР Ұлттық Банкі мәліметтері негізінде

3-инфографика

Қазақстандық және шетелдік эмитенттер шығарған ҚР аумағында қолданылатын төлем қартөчкаларымен ақшасыз төлемдер. Қаңтар-тамыз (трлн тт)

Table with 4 columns: Region, 2020, 2019, %СМ. Rows include Kazakhstan (18.7, 7.0, 168.1%), Internet pen mobile phone (15.1, 4.6, 224.9%), POS-terminal (3.5, 2.2, 59.4%), and Cashless (0.1, 0.1, -19.1%).

ҚР Ұлттық Банкі мәліметтері негізінде

Finprom.kz

трлн теңге тиесілі, жылдық өсімі – 59,4%. Ақшасыз операцияларды жүзеге асыруды басқа да түрлеріне 1%-дан да азырақ немесе 99,3 млрд теңге тиесілі екен – жылдық көрсеткіштің минус 19,1% (3-инфографика).

Бір қарағанда – бөрі жақсы. Заманауи технологияларды кенінен менгеріп, оларды өз игілігімізге жарату, әріне, ығыңайлы өртегімізді. Әйтсе де, қартөчкаларымен ақша аудару барысында жұртшылық интернет арқылы алаяқтық жасаушылар әрекеттерін жаппа шегіп жатқанына да күө бөла басталды.

СЫРТҚЫ ФАКТОР

9-16 қазан аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу\*

Сауда-саттықтың қорытындысы бойынша 16 қазанда теңгенің нарықтық бағамы бір аптада 0,2%-ға (427,29-ден) әсірлеп, бір АҚШ доллары үшін 428,05 теңге деңгейіне қалыптасты.

Сыртқы валюта нарығында 2020 жылғы 9-16 қазан аралығындағы кезеңде қоронавирусстың екінші толқынының оралуына, АҚШ-та президенттік сайлауға дейін ынталандыру шараларының қабылдауына және Covid-19-ға қарсы вакцинация сынанан өткізудегі сәтсіздіктерге қатысты қауіптену аясында дамушы нарықтардың көптеген валюталарының теріс түзетулі байқалды. Сонымен қатар, Халықаралық валюта қоры қоронавирусстың таралуы тоқтатылғандықтан дейін әлемдік экономикада бұрынғыша әрқелкі қалпына келу мәселесі орын алады деп ескертті. АҚШ Қаржыміністрлігі деректері бойынша қыркүйек айында бұл елде бөлшек сатылым күтілгеннен көп, 1,9 пайызға өсті, бірақ тұтыну шығындарының тез артуы мемлекеттің бюджетті ынталандырумен байланысты болуы мүмкін. Дамушы елдер валюталарының\*\* АҚШ долларына қатысты бағамдарының серпіні төмендегідей қалыптасты: • Индонезия рупиясының бағамы бір аптада 14 700-ден (14 700-ден) деңгейіне жетіп, өзгерген жоқ. Индонезияның орталық банкі негізгі мөлшерлемені (4%) сақтап қалды, себебі экономиканы ынталандыру үшін реттеуші мемлекеттік облигацияларды сатып алу сияқты басқа шараларды қолданады, • Мексика песосы бір аптада 21,14-ке жетіп, өткен аптадағы белгілерге



қайта оралды. Билеуші партиядағы қошбасшылық үшін күресте екі кандидат жеміске жеткенін мәлімдеді, бұл аралық конгресс сайлауы аялында саяси бөліну тәуекелін тулауырады, • Үнді рупиясы 2020 жылы ІЖО-

нің (-)10,3%-ға дейінгі қарқыны ((-)4,5%-ға қарсы – бұрынғы болжам) бойынша ХВК болжамын теріс түзетулер аясында 0,3%-ға (73,13-тен 73,35-ке дейін) әсірледі; • Оңтүстік Африка ранды карантиндік шаралардың жеңілдегеніне қарамастан тамызда өнеркәсіп өндірісінің теріс өсуі (-)10,8% ж/ж туралы деректердің шығуы аясында 0,5%-ға (16,47-ден 16,56-ға дейін) әсірледі; • Түрік лирасы 0,6%-ға (7,87-ден 7,92-ге дейін) әсірледі. Қыркүйекте бюджет тапшылығы әлеуметтік қамтамасыз ету жүісіне төленетін төлемдердің өсуіне байланысты түсімдерден шығыстардың асып кетуі аясында шамамен \$3,8 млрд болды. Одан басқа, ағымдағы шот тапшылығы туризмдегі құлдырау аясында тамызда (-)\$4,6 млрд-қа ұлағуы түсті; • Ресей рублі А.Навальнийдың ұлануына байланысты ЕО-ның Ресейге қарсы санкциялары, сондай-ақ жаһандық инвесторлардың тәуекелге қатысты дәрежесінің төмендеуі аясында 1,3%-ға (76,77-ден 77,8-ге дейін) әсірледі; • Бразилия реалы АҚШ доллары бағамының жаһандық нығаюы және реттеушінің спот нарығындағы интервенцияға (\$560 млн.) қарамастан тәуекелді қабылдауы аясында 2,2%-ға (5,53-тен 5,65-ке дейін) әсірледі.

\* Шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздерінің негізінде апта сайын дайындайды. \*\* АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.



**БИЗНЕС&НАРЫҚ**

**ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ САЯСАТ**

Қазіргі таңда дүниежүзілік мұнай қорының 3 пайызына не Қазақстан әлемдегі мұнайға бай алғашқы 12 елдің қатарына кіреді. Бұл ешкімді де таңдандырмайтын жағдай болса керек. 2020 жылдың басында Америка Құрама Штаттарының ресми ұйымы болып табылатын EIA (Energy Information Administration – Энергетикалық ақпарат басқармасы) жария еткен мәліметтерге қарағанда, Қазақстанда мұнай қоры немесе резервтері 30 млрд. баррельді, ал бізге көрші Ресейде 80 млрд. баррельді құрайды екен. Бұл жерде бір нәрсені ескерген жөн. 2016 жылғы мәліметтер бойынша, Ресейдегі жылдық мұнай өндіру көлемі (3851,3 миллион баррель) Қазақстандағы салыстырмалы көрсеткіштен (582,2 миллион баррель) алты жарым есе көп болып шығады. Бұдан энергетика саласының сарапшылары тиісінше болжам жасаған. Олардың пайымдауына, осындай өндірістік қарқын сақталған күнде қазіргі бар мұнай қорлары Ресейге 21 жылға, ал Қазақстанға 52 жылға жетпек сияқты.

МАРАЛ САЛЫҚЖАНОВ

Кен орындары Қазақстанның 14 облысының 6-ауында орналасқан. Олар – Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда және Маңғыстау облыстары. Нақтырақ айтқанда, көмірсутекті қорлардың 70 пайызға жуығы Қазақстанның батысында шоғырланған.

Бұрынғы КСРО, кейінгі ТМД аумағында негізінен мұнай және газ өндірумен шұғылданатын 4 ел бар. Олар – Ресей, Қазақстан, Әзербайжан және Түрікменстан. Бұлардың ішінде Қазақстанның басқа үшеуі мұнай не газ өндіруден әзірше кенес заманындағы көрсеткіштеріне қайтып көтеріле алмай отыр.

Олардың қатарына Өзбекстанды да қосау болар еді. Бірақ бұл елдің экспорттық мүмкіндіктері де, өндірістік мүмкіндіктері де тым шектеулі. Оның мұнайы бұрын өзіне де жетпейтін. Тәуелсіздік алғаннан бергі уақыт ішінде Қазақстан өзін-өзі осы шикізатпен қамтамасыз ету білгінен көрінуге қол жеткізді. Ал газ жағынан алғандағы Өзбекстанның жағдайы, әрине, біршама арттық. Ол оны да алыс шетелге көптеп сата алмағанмен, айналдасындағы Түрікменстаннан басқа 3 елді – Қырғызстанды, Қазақстанды және Тәжікстанды әзірше өзіне тәуелді етіп ұстап отыр. Өткен 2019 жылы Өзбекстан Ресейге 4,5 миллиард, Қазақстанға 2,5 миллиард, басқа Орта



**Мұнай-газ өндірісі – экономиканы өрге сүйрейтін сала**

шемет газ өндірген болатын. Ал 14 сәуір күні болған үкімет отырысында жарияланған мәліметтерге қарағанда, қазіргі көрсеткіш отыз бес жыл бұрынғы жетістіктен үш есеге жуық жоғары көрінді. Сол жында сөйлеген сөзі барысында ҚР энергетика министрі Нұрлан Ноғаев былай деді: «Газ өндіріс 15 млрд 200 млн текше метрді құрай, 4,1 пайыз өсім көрсетті. Тауарлық газ 2,2 пайызға төмендеді. Себебі Қазақстанда өндірілетін газ ілесе аз болып саналады. Ал қаңтарда СНПС-Ақтөбе мұнай-газ мекемесінде хлор-органикалық заттардың табылуына байланысты мұнай өндiру азайды және кейбір кен орындарында жерасты қабаттарының қысымын қажетті деңгейде ұстау үшін технологиялық қажеттілікке сәйкес газ айдаудың нәтижесінде тауарлық газ өндіру төмендеді. Суытқырған газ өндіру 10,7 пайызға артты. Бұл өзге шекті баға белгіледі. Нәтижесінде баға республика бойынша біршама арзанды».

Мұнайдың жағдайы болса бізде басқаша қалыптасты. 1992 жылдан бері қарай бұрынғы кенес

(рыногына) ортаазиялық шикізаттың кезінде бірталы шектеулер қоюына байланысты қалыптасты. Ал Reuters агенттігінің мәліметі бойынша, Түрікменстандағы газ өндіру көрсеткіші 90-шыны жылдардың басынан 2000 жылдардың басына дейін 7 есе қасқарған. Яғни, шамамен 90 миллиард текше метрден тура 13 миллиард текше метрге дейін кеміген. Бірақ кейінгі онжылдық барысында Түрікменстандағы өнім көрсеткіші қайтадан өсіп, 50-60 миллиард текше метр деңгейіне дейін жетті. Содан соң көп өзгеріс болған жоқ. Мәселен, өткен 2019 жылы ол елде табиғи газ өндіру көлемі 2,7 пайызға ұлғайып, 63,2 млрд текше метрді құрады.

Малды дегенде де Түрікменстандағы газ өнеркәсібінің қазіргі таңда бұрынғы күйіне жете алмай отырғаны хақ. Ал бұл елдің экономикалық дамуы тұрғысынан алғанда осы саралдан басқа артар үміті жоқ екені ешбір күпия емес. Біраз жылдар бойы Түрікменстанда әрбір отбасына шектеулі бір мөлшерде газ бен электр жарығы тегіннен-тегін берілетін

2019 жылғы көрсеткіш 37 млн. 453,702 мың тонна болды. Әрине, бұл 1985 жылғы көрсеткіштен – 13,142 млн. тонна – салыстырғанда әлдеқайда көп.

Енді Қазақстанға келейік. Біздің ел 1997 жылдың өзінде-ақ өзінің мұнай өндіру тарихындағы ең үздік көрсеткіштеріне жақын барды. Бұл әлгі энергиялық шикізат шығаратын ТМД-дағы негізгі төрт мемлекеттің ішіндегі ең үздік көрсеткіш. Қалған үш елдің – Ресейдің, Әзербайжанның, Түрікменстанның ауылы бұндай жетістіктен ол кезде алыста болған.

Қазақстанның көрсеткіші айналды үш жылдың ішінде, яғни 1994 жылдан 1997 жылға дейін 20,2 млн. тоннадан 25,7 млн. тоннаға дейін өсті. Таза өсім – 5 млн. тонна. Келесі 1998 жылы мұнайдың өнімдік бағасының күрт түсіп кетуіне байланысты осы шикізатты өндіру көрсеткішін әрі қарай өсірудің қисыны болмады. Ал 1999 жылдың көктемінен бастап әлгі баға бірнеше жыл құлдыраудан кейін қайта өсе бастады. Демек, мұнайды халықаралық пиясаға шығару жолдары таралынып жана кесел пайда болмаса, Қазақстанның жуық арада мұнай өндіру жағынан жыл сайын бір рекордтан екінші рекордқа қол жеткізе беруі мүмкін еді. Бірінші рекорд сол 1999 жыл болды. Онда Қазақстанның өнімі бұрын-соңды болып көрмеген 30 млн. тоннаға дейін жетті. 2000 жылғы көрсеткіш 35 млн. болса, 2001 жылы – 40 млн. тоннаға, 2002 жылы – 47 млн. тоннаға, 2003 жылы – 54 млн. тоннаға, 2004 жылы – 60 млн. тоннаға жетті. 2015-2019 жылдар барысында орташа көрсеткіш 80 млн. тоннадан асып отырды.

Бірақ бізде де мұнайды ел ішінде өңдеу, яғни өз еңбегімізбен одан дайын өнімдер шығару уақытында біраз азайып кетті. Мәселен, Қазақстанның зауыттары 1990 жылы – 17,8 млн., 1991 жылы – 18,0 млн. тонна мұнай шикізатын өңдеп, одан дайын тауар шығарды. Бұл көрсеткіш 1994 жылы – 11,7 млн., 1997 жылы – 9,2 млн. тоннаға дейін түсіп кетті. 1998-2005 ж.ж. аралығында тұтыну осы деңгейде қалды. 2019 жылы ішкі мұнай өңдеу көлемі 17,1 млн. тоннаны құрады.

Мұнай қымбаттай бастағаннан бергі жиырма жылдай уақыт ішінде осы шикізаттың өлемдік бағасы да, Қазақстанның оны халықаралық нарыққа шығару көрсеткіші де біраз өсті. Өткен 2019 жылы елімізден экспортқа 70 млн. тоннадан астам шикізат шығарылды. Бизнестің көрсеткіші те аз болмайтын болса керек. Алайда кейінгі кезде мұнай бағасы қайтадан түсіп, 40 доллардан астам деңгейде қалып келеді.

Бірақ әлдегі әлеуметтік-экономикалық жағдай коронавирус пандемиясы жағдайына байланысты біршама күрделі болып тұр. Қымбатшылық бірте-бірте белен алып барады. Басқаша айтқанда, инфляция болып жатыр. Ал жұрттың табысының соншалықты тез өсуі байқалмайды. Алайда, Қазақстанның мұнай саласы әлдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың ауырстап оңалуына септігін тигізе алады деген үміт жоқ болмаса керек.

**НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ**

**«АҚЫЛДЫ ҚАЛА» ЖОБАСЫ**

**АРҚАЛЫҚ ӨНІРІ ДАМЫП КЕЛЕДІ**

Қостанайда «ақылды қалаға» айналдыру бағытында 15 жоба қолға алынған. Оның сегізі бүгінге дейін іске қосылса, қалған жетеуі енді жүзеге асырылады.

Бұл жұмысқа жергілікті бюджеттен 626 мың теңге бөлінген. Жобалар негізінен білім беру, денсаулық сақтау, қаланы басқару, қауіпсіздік, көлік, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы салаларын қамтиды. Қаланың төрт саябағында жаңа жұмыс істейтін тегін Wi-Fi орнатылды. «Қостанай-Су» кәсіпорнында «қашықтан бақылау жүйесі (SCADA)» қойылды. Бұл апаттарды азайтып, су шығынын келтіруге, құбырды қысымды бақылап отыруға мүмкіндік береді.

Облыс орталығында іске қосылатын тағы бір тегін жоба – «Әлеуметтік ID-карта». Оны халықтың әлеуметтік осал топтары пайдалана алады. Қартаға қоғамдық көлікте жүру, балаларды мектептерде тамақтандыру және тағы да басқа қызметтер кіргізіледі. Желтоқсан айында қоғамдық көліктерде электронды билет жүйесі енгізілмек. Сонымен бірге, «Қауіпсіз аула» жобасы шеңберінде бейнекамералар саны көбейтіледі. Енді аулдардағы ойын алаңдары мен қоғам жасайтын мансапқа тәртіпті ұшакелі полиция пунктітері қасқай қадағалап отырады. Камераларды орнатуға бюджеттен 100 млн. теңге бөлінген.

«Ақылды қала» жобасы аясында Лисакво, Жітіқара қалаларында да бірқатар жұмыстар жасалынған. Лисакво қаласының өкімдігі цифрландыру бағытында мақсатты жұмыс жүргізіп келеді. Мұнда «ақылды» бағдарламалар орнатылып, Smart Lisakovsk мобильді қосымшасы іске қосылған. Жітіқарада 12 млн. теңгеге 73 камера орнатылды. Яғни, қала көшелері 90% қамтылған. Бейнебақылау көмегімен қылмыстарды ашу көрсеткіші де жақсара түсті. Мысалы, 23 факт ашылып, 301 әкімшілік хаттама толтырылған.

**ТУРИЗМ**

**КОЛӨНЕРШІЛЕР БАС ҚОСТЫ**

Мәдениет және спорт министрінің жаңыдағы «Kazakh Tourism» ҰҚ АҚ бастамасына жеткізіп біз Түркістан облысы туризм басқармасының қолдауымен өкілдеріміз арқылы өңірдің туристік әлеуетін дамыту бойынша дөңгелек үстел өткізді.

Іс-шараны Түркістан облыстық туризм басқармасының басшысы Гүлмира Ахмедиева ашты. Іс-шараның «Kazakh Tourism» ҰҚ АҚ туристік өнімдері дамыту департаментінің директоры Даниел Сержанұлы, «Атамекен» ҰКП Түркістан облыстық филиалы директорының орынбасары Олжас Жансенов, «Aigul Line» брэндинің негізін қалаушы, Ақтау-Опер колөнершілер орталығының басшысы Айгул Жансерікова, БҰҰДБ өкілдері және жергілікті колөнершілер қатысты. Гүлмира Ахмедиева колөнер және кәлемей өнімдері арқылы аумақтық брэндинг мәселесін қозғайды.

Ежелден колөнер орталығы болып саналатын тарихи шаһардағы ұлттық колөнерді дамыту, Түркістан қаласын әлемдік деңгейдегі ірі ұлттық колөнер орталығына айналдыру бағытында жүйелі жұмыстар жүреді.

Осы орайда, «Kazakh Tourism» ҰҚ АҚ-мен туризм субъектісі ретінде колөнершілікті дамытуды кешенді зерттеу жобасы аясында Елімізде өнімді өткізу, ілгерілету, өткізу алаңдарын жүрі бойынша мәселелерін ретке келтіру жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар, шара барысында «Aigul line» брэндинің негізін қалаушы Айгул Жансерікова «Aқтау-Опер» колөнершілер орталығының жұмыс тәжірибесімен бөлісіп, ұлттық бұйымдардың өндірісімен қатар, оны сатудың жаңа бағыттарын ойлап табуды ұсынды.

**БӨРЕКЕЛДІ!**

**МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ 16 ПӘТЕР БЕРІЛДІ**

Талдықорғандағы Салтанат сарайында медицина қызметкерлеріне пәтер қатарында.

Қала әкімі Ғалымжан Райыпұлы жыл сайынғы дәстүр бойынша қаланың дамуы мен өркендеуіне елеулі үлесін қосқан азаматтарға, атап айтқанда, Қазақстанның және Алматы облысының спорт саласына еңбегі сіңген азамат Рахымбек Төлендиевке, Б.Римова атындағы Талдықорған драма театрының әртісі Мәкен Нұрмухамбетоваға, Талдықорған облага қорыс курорт станциясы директорының орынбасары Валерий Саложниковке, зейнеткер Хабудула Ибраһымжановқа, ЖЛС сүт ЖШС-ның директоры Ольга Богдановаға «Талдықорған қаласының құрметті азаматы» атағын беріп, арнайы күлімі мен төсбелгісін табыстады. Осыдан кейін облыс әкімінің орынбасары Рустам Али жетісулықтардың денсаулығын сақтау, қорғанысқа қарсы тұрған бағыттағы шаралар туралы айтып өтті. Құттықтауынан кейін Р.Али 16 медицина қызметкеріне пәтер қатарында табыстады. Атап айтқанда, №1 қалалық емхананың онколог дәрігері мен жалпы тәжірибелі дәрігері, №2 қалалық емхананың үшакелі педиатр дәрігері мен жалпы тәжірибелі дәрігері, қалалық көпсалы аурухананың анестезиолог-реаниматолог дәрігері, ультра диастық зерттеу дәрігері, травматолог-ортопед дәрігері, фтизиопульмонологиялық орталықтың госпитальді эпидемиология, облыстық перинатальді орталықтың акушер-гинеколог дәрігері, облыстық қоспалы балалар ауруханасының педиатр-гематолог дәрігері, облыстық қоспалы клиниканың патологоанатом дәрігері, облыстық аурухананың реанимация бөлімшесінің меңгерушісі жана баспағанға не болды. Осыдан кейін қала әкімі Ғ.Әбдірайымов Талдықорған қаласының Қала күні мерекесі аясында ұйымдастырылған түрлі байқауларда жеңімпаз атанған жастарды марапаттап, бағалы сыйлықтар табыстады.

Жыл соңында медицина қызметкерлеріне тағы 48 үй беру жоспарланып отыр.

Нұрлан ҚУМАР



Азия елдеріне 550 миллион текше метр газ сатқан.

Осының арқасында ол газ қорының үлкендігі жағынан Ресей тұлғи Түрікменстанмен де бәсекелесе алмайтын болғанына қарамастан, оны өндіру жағынан ТМД-да үшінші орында берік медемің жүрді.

Ал әлемде Өзбекстан осы көрсеткіш бойынша алғашқы он алты мемлекеттің қатарынан табылады. Бұл ел өз газын 52 кеніштен өндіріп алып отыр. Оның ішінде Шуртан, Газли, Памук және Хаузак сияқты ең ірі 12-сі бүкіл өнімнің 95 пайызын береді.

Ал Қазақстанның жағдайы басқаша. Ол өзінің газға қатысты Өзбекстанға тәуелді болуынан әзірше толығымен арылған жоқ. Қаршығанас сияқты газламат жек кеніші бар ел үшін бұл келіссіз жағдай болып табылады. Бұндай жағдай Қазақстанның газ өндіруді кенес заманындағымен салыстырғанда біршама арттырығанына қарамастан орын алып отыр. Мәселен, 1985 жылы республикамыз 5,5 млрд. тек-

республикаларының, кейінгі ТМД елдерінің барлығында да экономикалық көрсеткіштердің құлдырай бастағаны белгілі. Бұл үрдістің мұнай-газ өндіру саласына да тікелей әсері болды. Мәселен, Ресейде мұнай шикізатын өндіру көрсеткіші 2 есеге жуық қысқарды. Сөйтіп, ол «әлемдегі нөмірі 1 өндіруші» атағынан айрылды. Бірақ бұл жерде бір нәрсені атап айтып кеткен жөн.

Өндіру көрсеткішінің тұтыну көрсеткішіне тікелей байланысты болатыны белгілі. Осы тұрғыдан алғай қарағанда, Ресейдегі мұнай өндірісі көлемінің аязу негізінен ішкі нарықтың (рыноктың) есебінен болып отырғанын анғарамыз. Ал сыртқы нарыққа келетін болсақ, онда барынша көп мұнай шығаруға Ресей мұнай компаниялары тырысып бағып жатыр.

Ал, кенес заманында жылына 80 млрд. текше метр газ өндіріп отырған Түрікменстанның кейінгі көрсеткіші 20 миллиардқа да жетпей қалыпты. Түрікпен еліндегі осындай риясыз жағдай Ресейдің өз газ нарығына

болған. Басқаша айтқанда, өндіріліп шығарылған түрікпен газы сыртқа шығару үлкен жол таба алмаған соң, негізінен ішкі қажетке жарап жатты. 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап газ бен электр жарығын тұрғындарға тегіннен-тегін беру тоқтатылды.

Сонымен, энергиялық шикізат шығаратын ТМД-дағы негізгі төрт мемлекеттің ішіндегі өндірістік көрсеткіштері ең кері кеткен ел – Түрікменстан болса керек.

Каспийдің тұра арғы бетінде орналасқан Әзербайжанның жағдайы оныкіне қарағанда әлдеқайда жақсы. Бұл негізінен мұнайды ел екені белгілі. Бірақ аталымш жетістік – салыстырмалы түрдегі жана жетістік. Мәселен, 2003-2004 жылдардағы жылдық көрсеткіш 15-16 млн. тонна төңірегінде болды. Немесе тәуелсіздік көрсеткішінен есептегенде 310-330 млн баррель аралығында болды. Бірақ 2005 жылы Баку-Тбилис-Джейхан құбыры салынып бітіп, 2006 жылдан бастап ол шикізат тасымалдауға кіріскен соң, Әзербайжанда мұнай өндірудің көлемі күрт ұлғая бастады.



## БИЗНЕС &amp; МӘДЕНИЕТ

## ШАРА



## Ұлы даланың ұлы тұлғасы – ұлтымыздың мақтанышы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Мемлекеттік хатшы, Әбу Насыр әл-Фарабинің 1150 жылдығы дайындау және өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссияның төрағасы Қырымбек Көшербаевтың қатысуымен бірнеше іс-шаралар өткізілді. Шараға білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов, мәдениет және спорт министрі Ақтолы Райымқұлова, ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов, академиялық қоғамдастық пен БАҚ өкілдері, университеттің оқытушылары мен студенттері қатысты.

## АЙБОЛ КАДЫРБАЙ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Әл-Фараби халықаралық орталығында әлемге Әл-Машани деген атпен танымал әйгілі ғалым және фарабитанушы Ажжан Жақсыбекұлы Машановтың бюстінің ашылу салтанаты өтті. Мемлекеттік хатшы салтанатты рәсімдегі құттықтау сөзінде адамзаттың екінің ұстазы Әл-Фарабинің Қазақстан аумағында, Отрарда, бір кездері Фараби

деп аталған Қазақстан мен Орталық Азияның ежелгі мәдени орталығына дүниеге келгенін әлемге ғылыми тұрғыдан дәлелдеген қазақстандық фарабитану мектебінің негізін қалаушысының ерекше үлесін атап өтті. Осындай жарты ғасыр бұрын 1975 жылы ЮНЕСКО-ның қамқорлығымен Алматы қаласында Әл-Фарабинің 1100 жылдығына арналған халықаралық форум өткізу туралы шешімнің қабылдануы қазақстандық ғалымның баға жетпес еңбегінің мойындалуының тағы бір көрінісі болды.

Дөңгелек үстел форматында өткен ғалымдармен кездесу барысында Қырымбек Көшербаев Әл-Фарабинің 1150 жылдық мерейтойының кейбір қорытындыларын шығарып, мерейтойлық жыл ЮНЕСКО-ның қамқорлығымен халықаралық деңгейде атап өтуді скендігін айтты. Пандемияға қарамастан, қазақстандық фарабитанушылар мен ғылыми қоғамдастық ұлы ғалымның мұрасын елде және бүкіл әлемде кенінен насихаттап доріптеу бойынша орасан зор жұмыс атқарды.

## БАСКОСУ



## Қайырымдылық – адамгершілік белгісі

Жұырда Ақпарат және қоғамдық мадминистрінің қолдауымен «Азаматтық бастамалар қолдау орталығы» КЕАК гранты аясында жүзеге асырылатын «Жастар мен балалар арасында қайырымдылықты доріптеу» әлеуметтік жобасы шеңберінде экономист, қоғам қайраткері, «Тайбурыл» қоғамдық қорының басқарма төрағасы Олжас Құсайынғенов студенттерге онлайн-дәріс өткізді.

## АЙЖАН ЖАСБАТЫРҚЫЗЫ

Онлайн-дәріс барысында экономист Олжас Құдайбергенов «Білім-Инновация» лицейінің (бұрынғы қазақ-түрік лицейі) және Республикалық физика-математика мектебінің (РФММ) түлектері өздерінің болашақ әріптестеріне сапалы білім алуға көмегі жайына және елімізде қайырымдылық қорларының атқарып жатқан істеріне тоқталды. «Қазақстанда қайырымдылық мәдениеті нашар дамыған деген пікірмен келіспеймін. Бізде бұл игі

іспен азаматтардың көпшілігі айналысады. Тағы бір мәселе, қарапайымдылық біздің мәдениетімізге сіңген. Сонымен бірге, сол АҚШ-та да қайырымдылық әдетте әртүрлі ұйымдар арқылы жүзеге асырылады, яғни мұның бәрі көпшілік алдында жасалады. Қазақтарда қайырымдылық мәдениеті бұрыннан бар, бірақ ол ретсіз сипатқа ие. Тіпті бізде басқа елдермен салыстырғанда қайырымдылықтың жоғары пайызы бар», – деді О. Құдайбергенов.

Бүгінгі жағдайды талдай келе, экономист Қазақстанда жаңа қурылымдық ұйымдардың құру қажеттілігі жөнінде пікір білдірді. Мысалы, «Милосердие» ерікті ұйымы, «Шұғыла», «Тайбурыл» сынды занадан ашылған қорлар бар. Олардың реттелген және ашық қызметі бар, қаражатты ауауру толығымен автоматтандырылған. Қазіргі таңда «Тайбурыл» қоры білім беру саласындағы қайырымдылықтың ортақ платформасы бола алады.

## ОТАНДЫҚ ӨНІМ

## «Дамудың» көмегі кәсіпорындарға демеу болуда

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның Шымкент қаласы бойынша аймақтық филиалы мемлекеттік бағдарламалар аясында қолдау алып кала кәсіпорындары бойынша баспасөз-турын өткізді.

## САЛТАНАТ ҚАЖЫКЕН

Баспасөз-тур аясында журналистер қауымына түрлі қызмет салаларында өздерінің бизнес-идеяларын жүзеге асыратын «ЭКО-ФАРМ» ЖШС, «Гидрострой Шымкент Групп» ЖШС және «NURTALU distribution company» ЖШС сынды 3 кәсіпорынның бүгінгі таңда атқарып жатқан жұмыстары таныстырылды. Онда кәсіпорындар қандай мемлекеттік бағдарламаларды пайдаланғаны айтылды.

Кездесу барысында аймақтық директор Әлмас Тастанов Шымкент қаласында «Даму» қорының қаржылық және қаржылық емес қолдау нәтижелері туралы әңгімеледі. 2020 жылдың 9 айында Шымкент қаласында субсидиялар есебінен жалпы сомасы 29,54 млрд. теңге болатын 123 жобаға қолдау көрсетілді. Оның ішінде: «Бизнестің жол картасы-2025» бойынша – 17,286 миллиард теңгеге 97 жоба (өткен жылдың сәуірінен бергенін салыстырғанда жобалар көлемінің



өсімі 2,4 есе); «Қарапайым заттар экономикасында» – құны 9,75 миллиард теңгегі құрайтын 26 жоба (өткен жылдың сәуірінен бергенін салыстырғанда жобалар көлемінің өсімі 2,7 есе); «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша – 2,5 млрд. теңгеге 1 жоба (өткен жылдың сәуірінен бергенін салыстырғанда өсім – 156%). Нарықтағы қазіргі жағдайға қарамастан, ағымдағы жылдың 9 айында жобалардың ішінара келісімдері осылай бекітілді. Осылайша, келісімде бойынша жалпы несие сомасы 4,1 млрд. теңгеге кәсіпорындардың 68 жобасы

қолдау тапты, оның ішінде келіпдік сомасы 1,0 млрд. теңгегі құрады.

Осы кезеңде Шымкенттегі аймақтық филиал 330 жобаға мониторинг жүргізіп, екінші деңгейлі банктердегі 257 жобаға қолдау көрсетіп, 449-ға жуық клиентке кеңес берді.

«ЭКО-ФАРМ» ЖШС-нің негізгі қызметі – медициналық максаттағы бұйымдар, медициналық және қорғаныш киімдерін өндіріп болып табылады. Жобаны «Қарапайым заттардың экономикасы» бағдарламасы бойынша «АТФБанк» АҚ құрал-

жабық сатып алуын мақұлдап, несиедің жылдық пайызы – 15%, оның мемлекет субсидиялайтын бөлігі 9,0% құрады. Несиедің жалпы сомасы – 500,0 млн. теңге. «Гидрострой Шымкент Групп» ЖШС шыны мозаикалық өндірісін болып табылады. Компания 2018 жылдың көктемінде ашылды. Шыны мозаика – бұл қабырғаларды безендіру, еден жабыны, бассейндер және тағы басқалары үшін өте тиімді және практикалық нұсқа болып табылады. 2019 жылы құрал-жабдықты сатып алу және айналым қаражатын толықтыру үшін «АТФБанк» АҚ жобаны 14,25% мақұлдап, оның 7,13%-бен «Даму» қоры субсидиялайтын. Сондай-ақ Қор келіпдік жетіспейтін бөлігіне келіпдік берді.

«NURTALU distribution company» ЖШС – сағыз шығаратын зауыт, 2016 жылы құрылған. Кәсіпорынның өндірістік қуаты – сағызға 300-400 келі шоколатты пещенке, сағыз – 400-ден 500 келіге тұрды құрайды.

2020 жылы айналым қаражатын толықтыру үшін жоба «БЖК-2025» мемлекеттік бағдарламасының екінші бағыты аясында мақұлданды. Несие «АТФБанк» АҚ жылдық 14%-бен мақұлдап, 4 млрд мемлекет субсидиялайтын бөлігі 8%-ды құрады.

## НАРЫҚ

## Келешегі кемел Қапшағай

Еске салсақ, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында балық шаруашылығына ерекше мән беру керектігін айтқан. 2019 жылы еліміздің балық және балық өнімдері нарығының жалпы көлемі 66 мың тоннаға құралды. Қазақстандағы су ресурстары 600 мың тоннаға дейін балық өсіріп, экспортты 10 есеге арттыруға мүмкіндік береді. Сол себепті Жұрт Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі шаруаларды қолдау мақсатында бірқатар заңдарға өзгеріс енгізіп, субсидия беру жолдарын қарастырып жатыр.

## НҮРЛАН ҚҰМАР

Осыған орай, тауауда Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Алматы облысы Қапшағай қаласындағы «Kaz Organic Product» шиклы балық өндірісі кешенінде баспасөз турын өткізді.

Кәсіпорынның ерекшелігі – экологияға зиян келтірмейтін өндіріс циклы жасалған, балыққа арналған азық пен отырғызу материалдары кезеңінен өз ішінде дайындалады. Жоба азаматтардың өмір сапасын жақсарту факторы ретінде еліміздің өндірістік қауіпсіздік бағдарламасына толық сәйкес келеді.

БАҚ өкілдері кәсіпорынды аралап, африкалық қлариус, тилапия және австралиялық қызыл шымшуырлы шаянды жабық суда өсіру процесімен танысты. Нарыққа шығарылатын қайта өңделген балық өнімдері көрсетілді.

Кәсіпорын басшысы Алексей Шетиннің зауыттың қуаты жылына тірі және қатырған 10 мың тонна балық өндіруге жететінін атап өтті. Зауыттың ерекшелігі сол, бассейнде балықты 6 айда дернесінен бастап 1 келі тауарлық салмаққа дейін өсіріп, 1 жылда екі рет өнім алуға болады.

«Қазір Үкімет халықтың көбірек балық өнімдерін тұтынуына көңіл бөледі. Бұл өндіріс қуатын арттыруға әсерін тигізеді.

Тірі балықты да, қайта өңделіп ұзаққа сақтауға арналған өнімді де көбейту керек. Біз өндіріске аквамендиеттің 10-ға жуық заманауи түрін енгіздік. Мәрмәр қлариусын, тилапия және австралиялық шаян өсірудеміз. Был 2000 тонна өнім өткізуді жоспарлағанбыз. Пандемия жоспарымызға аздап өзгеріс енгізді», – деді А. Шетиннің.

Оның сөзінше, 70 адам жұмыс істейтін зауытқа қолданылатын заманауи технологиялар мен күн сайын судың экспертизасын өткізетін зертхана өнімнің экологиялық таза болуын қамтамасыз етеді. «Өнім сатылмас бұрын өзімізде және қаладағы зертханада тексеріледі. Жемді Қазақстанда жасалған таза ингрдиенттерден өзіміз дайындаймыз», – деді ол.

Маман Қазақстан су ресурстарында жыл сайын 600 мың тонна балық өсіру үшін аквамендиетті қарқынды дамыту қажет деп санайды. «Бүгінгі таңда Үкімет өр аймақта балық шаруашылығы бойынша негізгі проблемалар мен ұсыныстарды жинауда. Соның негізінде балық өндірісін қолдау бойынша заңдарға өзгеріс енгізілуі керек. Алайда кететін бір проблема – салада маман жетіспейді. Біз өз кызметкерлерімізді шетелде оқыттық. Енді институттармен жастардың бізде тәжірибе алмасуы жөнінде, бірлесіп маман дайындау бойынша келісіп жатырмыз», – деді кәсіпорын басшысы.

Кәсіпорын өнімдері ішкі нарықтан бөлек, Ресейге экспортталды. «Қазақстаның өнім табиғи таза, химиялық қоспасы жоқ болғандықтан Ресей жоғары бағалайды. Сондықтан халықаралық нарықта да ұрпақты мақтана аламыз. Балықтың 15 түрі өнімнің дайындығына. Қлариустың ерекшелігі – оны аллергиясы бар адамдарға да жеуге болады. Пандемия кезінде коронавирусқа ауауран адамдар жатқан ауруханалардың районына еніп, біз балық жеткізіп тұрдық», – деп атап өтті кәсіпорынның қоғаммен



байланыс менеджері Елена Проценко.

Мекемениң бас технология Юриі Рудометкин балықтарды өсіру технологиясына тоқталып, шетелден әкелген балықтарды өсірудің қандай ерекшеліктері барын айтты. Оның айтуынша, инкубациялық бөлімде ұялдырықтан жетілді шыққан балықтар шаян бассейндерге жіберіледі. Ол жерде 10-20 грамма дейін өсіріледі. Кейін үлкен бассейндерге жіберіліп, ол жерде тауарлық балық деңгейіне дейін өсіріледі екен.

«Kaz Organic Product» шиклы балық өндірісі кешенінде африкалық қлариус, тилапия және австралиялық қызыл шымшуырлы шаянды жабық суда өсіріліп, жөндіктерге қажетті арнайы су дайындалып отырылады. Су температурасы үнемі 25-тен бастап 28 градусқа дейінгі жылы көлемде ұстау қалағаланды.

Балықпен қоса, шаян өсіру жұмысы да оңай емес екен. Себебі, елімізде шаян өсірудің дәстүрі қалыптаспаған. Оның барлығы Батыс елдері мектебі бойынша өсіріліп жатыр, сондықтан әр шаруашылық өзіне қолайлы тәсілді таңдайды. «Kaz Organic Product» ЖШС жобасы Қазақстан Республикасының азық-түлік қауіпсіздігі бағдарламасының мақсаттарына толықтай сәйкес келеді және өмір сүру сапасын жақсарту үшін халықты қолжетімді бағамен балық сияқты диеталық

тағаммен қамтамасыз етуге көмектеседі. Бұл өсірісе йол тапшылығы бар аймақта маңызды екені анық. Кәсіпорынның өлімі үшін ерекшелігі – бұл өз балық қорларымен және жеммен жұмыс істейтін қоршаған ортаға зиян келтірмейтін «жабық» өндіріс болып табылады.

«Kaz Organic Product» ЖШС-ның аумағы 7 гектарды құрайды. Осы аумақта 12000 метр куб жабық сумен қамту бассейні бар. Сонымен бірге 2500 метр кубышқы бассейні орналасқан.

Ферма аумағында сонымен қатар таулігіне 10 тонна жем шығаратын цех, 1000 куб метр тауарлық өнім сактайтын мұздатқы камералары, жөндеу цехі, өндірістік зертхана бар. Сонымен қатар аквамендиет өндірісі нысандары ашық су қоймаларында жүзеге асады.

Қазақстан жыл сайын жақын және алы шетелдің 36 еліне шамамен 60 миллиард АҚШ доллары сомасына 30 мың тонна балық өнімдерін экспорттайды. Сонымен қатар, экспорт үшін айтарлық алуаулетті нарықтар бар. Атап айтқанда, Ресей мен Қытайға балық өнімдерін тұтыну жоғары деңгейде. Бұл екі елдегі біздің шекаралас аудандарымыз нарығы 3 миллион тоннаға дейін жетеді. Нәтижесінде, біздің экспорттық потенциалымыз 300 мың тоннаға дейін ұяғайтуға мүмкіндік пайда болады.